

Almaty

AQSHAMY



Өңірлік экологиялық саммит

Аймақ елдері Арал тағдырын талқылады

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №38-39 (6717) 24 сәуір, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

KITF 2026:

АЛМАТЫ – ІСКЕРЛІК ТУРИЗМ АЛАҒЫ



Алматыда 24-ші Қазақстан Ахалықаралық туристік көрмесі өтіп жатыр. KITF 2026 көрмесі өңірдің іскерлік және оқиғалық туризм орталығы ретіндегі беделін айқындай түспек.

24 елден келген 400-ден астам компанияның басын қосқан көрме алаңында ұлттық және өңірлік экспозициялармен қатар, туризм индустриясының жетекші өкілдері өз өнімі мен қызметтерін ұсынады. Олардың қатарында туроператорлар, әуе тасы-

малдаушылары, қонақүй кешендері, онлайн-платформалар мен технологиялық компаниялар бар. Экспозиция халықаралық бағыттармен қатар, Қазақстанның ішкі туризм әлеуетін де кеңінен қамтиды. Бүгін – көрменің соңғы күні. Іскерлік бағдарлама ая-

сында KITF Tourism Innovation Day конференциясы өтеді. Онда туризмді дамытудың негізгі трендтері, соның ішінде цифрландыру, туристердің мінез-құлқы, мемлекеттік саясат және халықаралық ынтымақтастық мәселелері талқыланады.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БІЛІМ МЕН ТАБЫС ТАЛАСЫ

Ерте еңбекке мәжбүр буын мәселесі қаншалықты өзекті?



Қазіргі таңда Алматы студенттері үшін оқу мен жұмысты қатар алып жүру – таңдау емес, қажеттіліктей көрінеді. Кей сарапшы мұны мегаполистегі өмір сүру құнының жоғарылауымен байланыстырады. Бүгінгі таңда бұл үрдісті тек жеке тәжірибе емес, жаһандық статистика да растайды. Халықаралық зерттеулерге сәйкес, студенттердің шамамен, 70%-ы оқумен қатар жұмыс істейді екен. Демек, бұл тенденция өзіне терең үңілуге шақыратындай.

(Сурет: ЖИ).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



5



САРАПТАМА

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Қазақстан мен Моңғолия өзара сенімді нығайтты

20–23 сәуір күндері Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хүрэлсүх Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланып, оннан астам құжатқа қол қойылды.

Үзілмеген достық

Қазақстан мен Моңғолия арасында дипломатиялық қатынастар 1992 жылы 22 қаңтарда орнатылды. Содан бері Қазақстан мен Моңғолия 60-тан астам екіжақты шарттар мен келісімдерге қол қойды. 1993 жылы «Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастық туралы» шарт жасалды. Мемлекеттер арасында саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстар жолға қойылған.

2024 жылғы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Моңғолияға жасаған мемлекеттік сапары екіжақты байланысқа тың серпін берді. Қазан айында өткен мемлекеттік сапар қорытындысы бойынша мемлекет басшылары



(Суреттер: Akorda.kz)

Стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларацияға қол қойып, өзара байланысты жоғары деңгейге көтерді.

Бұдан бөлек, 11 құжатқа қол қойылып, бірнеше салада ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаласты. Атап өтер болсақ, құжаттар сауда-экономика, көлік, мәдени-гуманитарлық, спорт және туризм, энергетика, цифрлық даму салаларын қамтыған. Әсіресе, Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы 2025–2027 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі жол картасын ерекше атап өткен жөн. Бұл құжат екі ел арасындағы саудасаттық пен алыс-берісті арттыруға әсер етті.

Осылайша Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көпжақты сыртқы саясатты проактивті түрде жүзеге асыруда. Стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларация арқылы Қазақстан Моңғолияның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесіне айналды.

Жаңа деңгей

Моңғолия президенті араға 20 жыл салып елімізге сапармен келді. Соңғы рет 2007 жылы Моңғолияның Президенті Н.Энхбаяр мемлекеттік сапармен келген еді. 21 сәуірде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хүрэлсүх шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз

жүргізді. Кейін БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Келіссөздер барысында мемлекеттер басшылары ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, цифрландыру, тау-кен, туризм, көлік-логистика, өңіраралық байланыс бағыттарындағы өзара тиімді серіктестік мүмкіндіктерін талқылады.

Атап айтқанда, екі елі ел арасындағы көлік-логистика байланысын нығайту мақсатында Астана – Ұлан-Батыр, Өскемен – Өлгей бағыттарындағы әуе рейстерін қайта ашу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл – туризмнің дамуына жол ашпақ.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті Баян-Өлгей аймағында еліміздің консулдығын ашуға көрсеткен қолдауы үшін Моңғолия Президентіне алғыс айтты. Консулдық Моңғолияға баратын азаматтарымызға жағдай жасау үшін қажет.

Айта кетейік, мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық көрсеткішті арттыруға ерекше мән берді. Ресми мәліметке сүйенсек, 2025 жылы Қазақстан мен Моңғолия арасындағы сауда көлемі 7,7 пайызға өсіп, 130 миллион доллардан асқан. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ухнаагийн Хүрэлсүх бұл көрсеткішті алдағы уақытта 500 миллион долларға арттыруға уағдаласты.

Келіссөз қорытындысы бойынша сыртқы саяси ведомство, қаржы, энергетика, ғылым, мәдени-гуманитарлық салаларды қамтыған құжаттарға қол қойылды. Өңіраралық байланыс та назардан тыс қалмады. Астана мен Қарақорым, Алатау мен Қарақорым әкімдіктері арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум қала-лар арасындағы байланысты нығайтпақ.

БАЙЫПТАМА

ӨҢІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТ

Аймақ елдері Арал тағдырын талқылады

22–24 сәуір аралығында Астанада Өңірлік экологиялық саммит өтті. БҰҰ аясында құрылған жаңа диалог алаңы Орталық Азияның орнықты дамуына ортақ көзқарас қалыптастыру, климаттық және экологиялық сын-қатерлерді еңсерудің бірлескен шешімін іздеу мақсатында ұйымдастырылды. Жиынға бірқатар мемлекет және үкімет басшылары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың жетекшілері қатысты.

22 сәуірде саммит аясында Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттер басшыларының кеңесі өтті.

Әлем назарын аударған жиын

Биыл алғаш рет өткен Өңірлік экологиялық саммит БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдармен бірге ұйымдастырылып отыр. Саммиттің басты тақырыбы «Тұрақты болашақ – ортақ көзқарас» болды. Диалог алаңы экожүйелерді, су және жер ресурстарын қорғау, қалпына келтіру әрі бірлесе пайдалану бойынша кешенді саясат пен тетіктерді қалыптастыру, Орталық Азия өңірінің биоалуантүрлілігін сақтау мақсатында өткізілді.

Жиынның пленарлық отырысының ашылуында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хүрэлсүх, Грузия Президенті Михаил Кавелашвили, Әзербайжан Премьер-министрі Али Асадов, БҰҰ Бас хатшысының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орын-



басары Ли Цзюньхуа, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының директоры Ингер Андерсен, сондай-ақ БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы Татьяна Молчан баяндама жасады. Сондай-ақ, саммитке Біріккен Ұлттар Ұйымы агенттіктерінің, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі конвенцияның, қаржы мекемелерінің, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен өкілдері және сарапшылар, ғалымдар қатысты.

Баяндама жасаған тұлғалардың құрамынан көріп тұрғанымыздай, Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ елдері саммитке қызығушылық танытқан. Бұл экология мәселелері екі аймаққа ортақ тақырып екенін көрсетіп тұр. Ал БҰҰ басшылығы келуі өңірлік саммитке әлем көз тіккенін аңғартады.

Саммитті Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзімен ашып берді. Мемлекет басшысы сөзінде «орнықты даму үшін ортақ көзқарас қалыптастыру – өзекті әрі аса маңызды» екенін атай отырып, халықаралық қауымдастық жарғысын біртұтас

әрі жан-жақты құжат ретінде қабылдау керегін баса белгіледі. Президенттің саммит барысында айтқан «Табиғат геосаясатсыз тіршілік ете береді, ал геосаясаттың табиғатсыз күні қараң» деген пікірі аталмыш халықаралық жиынның басты ұраны болды десек, артық емес.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Орталық Азия мен көршілес аймақтарға төніп тұрған қауіптер ретінде су тапшылығы мен су ресурстарын тиімсіз басқару, шөлейттену, мұздықтардың еруі, ауаның ластануы және биоалуантүрліліктің жойылу қаупін атады. Расында да, су аймағымыздың алдында тұрған өте маңызды мәселе болып саналады. Оны тиімді басқаруда аймақ елдері арасындағы саяси диалог аса маңызды. Осы орайда Астанада өткен Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттер басшыларының кеңесінің отырысы осы мәселені кешенді шешуге оң әсер етеді.

Ортақ мүдде

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Халықаралық

Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы 22 сәуірде өтті. Қордың құрылғанына 30 жылдан асты. Халықаралық Аралды құтқару қоры Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары 1993 жылы 4 қаңтарда Ташкент қаласында қабылдаған шешімге сәйкес құрылған. Соңғы жылдары оның жұмысына серпін берілді. Бұған аймақ басшыларының консультативтік кездесулері оң әсер етуде.

Биылғы кеңес отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Халықаралық Аралды құтқару қоры Атқарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбай сөз сөйледі.

Саммит қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. «Халықаралық Аралды құтқару қорына Қазақстан Республикасының төрағалық ету барысы туралы» Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшыларының шешімі;

2. «26 наурызды Арал теңізінің, Әмудария мен Сырдария өзендерінің халықаралық күні деп жариялау жөнінде» Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшыларының шешімі;

3. «Халықаралық Аралды құтқару қорының Президентін сайлау туралы» Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшыларының шешімі;

4. Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшыларының Астана мәлімдемесі.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДЕР ТӘЖІРИБЕСІ

Алматыда парламентаралық жиын өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда ТМД Парламентаралық Ассамблеясының мемлекеттік құрылыс және жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесін зерделейтін тұрақты комиссиясының отырысы өтті. Жиынға Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінің парламентарийлері, сондай-ақ сарапшылар, ғылыми орта өкілдері, өңірлік және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері қатысты.

Дастан
ҚАСТАЙ

Қатысушылар алдында сөз сөйлеген Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев ТМД-ға мүше мемлекеттер үшін модельдік заң жобаларын әзірлеудің маңызы зор екенін айтты. Оның сөзінше, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту экономиканың орнықты өсуіне ықпал етіп қана қоймай, билік пен халық арасындағы байланысты нығайта түседі.

Отырыс барысында мемлекеттік құрылыс пен жергілікті басқару саласына қатысты өзекті мәселелер кеңінен қаралды. Жиында ТМД елдерінің бүгінгі таңда цифрландыру мен жасанды интеллектінің қоғам өмірінің әр саласына ықпал етуінен туындаған жаңа сын-қатерлерге бетпбет келіп отырғаны айтылды.

Қатысушылар жергілікті деңгейде

креативті индустрияларды дамытудың үздік тәжірибелерін талқылады. Бұл бағыттың табиғи ресурстары шектеулі өңірлер үшін айрықша маңызды екені, адам капиталын тиімді пайдалануға жол ашатыны атап өтілді.

Сондай-ақ, жиында креативті индустрияны дамытудың келешек бағытын айқындау қажеттігі сөз болды. Осыған бай-

ланысты жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігін нақтылау, бизнес пен инвесторларға арналған салықтық жеңілдіктерді қарастыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Отырыста парламентарийлерге Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысы да таныстырылды.

Пікірталас кезінде мемлекеттік органдардың жеке және заңды тұлғалардың цифрлық өтініштерімен жұмысын жетілдіру, тұрғындарды қоғамдық мәселелерді шешуге кеңінен тарту, тарихи қалаларды сақтау және дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Бұдан бөлек, иесіз мүлікке қатысты түйткілдерді жергілікті деңгейде шешу жолдары да назардан тыс қалған жоқ.

ТМД ПАА тұрақты комиссиясының мүшесі, ҚР Парламенті Сенаты комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов комиссия жұмысы бір отырыспен шектелмейтінін айтты.

– Бүгін креативті индустрияға қатысты модельдік заңнама, азаматтардың жергілікті органдарға жолдайтын өтініштері, иесіз мүлік мәселелері талқыланды. ТМД елдерінің заңнамасындағы озық тәжірибелер зерделеніп жатыр. Қоғам мен заң шығарушы әрі жергілікті билік арасындағы байланысты жақындату жұмысы алдағы уақытта да жалғасады, – деді саясаткер.

БРИФИНГ

ТҮРКСІБ ТҮРЛЕНЕДІ

Кешенді жаңғыртудың негізгі бағыттары қандай?

Түрксіб ауданының әкімі Дамир Әкежанов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ауданның 2026 жылға арналған даму жоспарларын таныстырды.

Дана
САДЫРҚАН



Жылумен жабдықтау саласында газ бен жылу желісін де жаңғырту көзделген. «Қайрат» шағынауданында жаңа көпқабатты үйлерге арнап магистральдық газ желісі салына бастады. 2026 жылдың қыркүйегінде ұзындығы 8,1 шақырым болатын екі учаскедегі жылу желісін қайта жаңарту аяқталады. Мамырда қосымша 0,7 шақырым желіні жаңарту мен 10 қазандықты жаңғырту жұмысы басталып, оны жылыту маусымына дейін бітірмек.

Жол инфрақұрылымы да қарқынды дамып келеді. 2026 жылы жалпы ұзындығы 23,5 шақырым болатын 38 көшеге орташа жөндеу жүргізу, 35 мың шаршы метр жол жамылғысын жөндеу, 200 «қалқымалы» люк орнату жоспарланған. Сонымен қатар, ұзындығы 4,3 шақырым Хмельницкий көшесін Талғар тасжолына дейін ұзарту үшін жер учаскелерін

сатып алу жұмысы да аяқталып қалды.

«Түрксіб ауданы бүгінде апатты және ескі тұрғын үйлер саны бойынша қалада көш бастап тұр. Мұнда осындай 582 үй бар, бұл қаладағы көрсеткіштің жартысына жуығы деген сөз. Біз бұл мәселені реновация бағдарламасы арқылы кезек-кезеңімен шешіп келеміз. Нақты нәтижелер бар және бұл жұмыс жалғасады», – деді Дамир Әкежанов.

Қазір жеті учаскеде оңалту жұмыстары жүріп (реновация) жатыр: 34 ескі үй сүріліп, 17 жаңа үй салынды, 590-нан астам меншік иесі қоныстандырылды. Жоспарда тағы 175 көпқабатты тұрғын үй салу бар, бұл 5000-нан астам пәтер деген сөз. Жалпы алғанда, осы жобалар аясында 155-тен астам ескі үй жаңартылады. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасымен биыл 24 жоба жоспарланған.

Әкімнің айтуынша, биыл қыркүйек айында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы шеңберінде 6100 орынды төрт жаңа мектеп ашу жоспарланып отыр. Олар Time City, Парасат, Altyn City мен Jeti Qazypa тұрғын үй кешенінің аумағында салынады.

Балабақшадағы кезекті қысқарту үшін, 2543 орын жетіспейтінін ескере отырып, маусымда «Қайрат» шағынауданында 260 орынды №192 балабақша ашылады. Сонымен қатар, «Алтай», «Әлмерек» пен «Жас қанат» шағынауданында тағы төрт балабақша салу жобасы әзірленіп жатыр.

ШАХМАТ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ДОСТЫҚ ДОДАСЫ

ТМД парламентарийлері арасында шахмат турнирі өтті

Алматыда ТМД елдері парламентарийлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Парламентінің 30 жылдығына арналған ТМД Парламентаралық Ассамблеясының ашық шахмат кубогы салтанатты түрде ашылды.

Дастан
ҚАСТАЙ

Дастан
ҚАСТАЙ

23 сәуірде Достық үйінде өткен іс-шараға ресми тұлғалар мен шетелдік делегациялар жиналды. Ашылу рәсімі Мемлекеттік Әнұранмен басталып, шахматтың мән-маңызы туралы арнайы бейнероликпен жалғасты.

Жиында Сенат Төрағасының орынбасары Жақып Асанов сөз сөйлеп, мұндай турнирлер елдер арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністікті нығайтатынын айтты. Алматы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов те қатысушыларға сәттілік тілеп, қаланың халықаралық деңгейдегі осындай іс-шараларды қабылдауға әрдайым дайын екенін жеткізді.

Ресей Федерациясының сенаторы Олег Цепкин шахматтың тек спорт емес, стратегиялық ойлауды қалыптастыратын, адамдарды жақындастыратын маңызды құрал екенін атап өтті.

Оның айтуынша, шахмат тақтасындағы шешімдер саясаттағы салмақты қадамдармен аста-аста жатыр.

Әзербайжанның Милли Мәжіліс депутаты Тахир Муса оғлы Рзаев қазақ елінің қонақжайлығына ризашылығын білдіріп, шахматтың туысқан халықтарды жақындастыратын зияткерлік ойын екенін айтты.

Жиын барысында көпшіліктің назарын қонақтармен бірге шахмат ойнаған ақылды құрылғы аударды. Әзербайжан делегациясының өкілдері онымен ойнап көріп, құрылғының шапшаңдығы мен дәлдігіне тәнті болды.

Салтанатты іс-шара аясында музыкалық нөмір ұсынылып, бас төреші Александр Бабенко турнирдің өту тәртібін таныстырды. Осыдан кейін қатысушылар ойынға кірісті.

Бұл дода ТМД елдері арасындағы ынтымақтастықты бекемдеп, шахматтың достық пен өзара түсіністі артыратын маңызды алаң екенін тағы бір көрсетті.

БӘСЕКЕЛІ ОРТА – БАСТЫ ДРАЙВЕР

Ел экономикасында инфляция, инвестиция және инфрақұрылым мәселелері жиі айтылады, талданады. Алайда, жасыл экономика мен көлеңкелі сектордың экономика саласына әсері сарапшылар назарынан тыс қалып жатқан маңызды бағыттар дер едік.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА


Экономист Ләззат Нұрғалиқызының айтуынша, қоршаған ортаны қорғау, көміртегі шығарындыларын азайту және баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері халықаралық деңгейде кеңінен көтеріліп келеді. Әлем елдері климаттың өзгеруіне қарсы күресті экономикалық дамудың маңызды бөлігі ретінде қарастырып отыр. Алайда, ел ішінде бұл мәселелердің экономикалық маңызы, әсіресе, олардың ұзақ мерзімді әсері жеткілікті деңгейде кеңінен талқылана бермейді.

Сарапшының пікірінше, жасыл экономикаға көшу – тек экологиялық мәселе емес, жаңа жұмыс орындарын ашуға, инновациялық өндірістерді дамытуға және инвестиция тартуға мүмкіндік беретін маңызды экономикалық бағыт. Қоршаған ортаға зиянды азайтумен қатар, жаңартылатын энергия көздерін дамыту елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттырып, сыртқы ресурстарға тәуелділікті төмендетуі мүмкін.



«Қазіргі бағалаулар бойынша, көлеңкелі экономиканың көлемі шамамен, 18–20 пайыз деңгейінде деп есептеледі, ал халықаралық бағалауларда бұл көрсеткіш 30–39 пайызға дейін жетуі мүмкін деген болжамдар бар. Мұндай жағдай мемлекеттік бюджетке түсетін салық көлемін азайтып, әлеуметтік қорғау жүйесінің тұрақтылығына кері әсер етеді», – дейді экономист.

Сонымен қатар, жеке сектордың дамуы үшін қаржыландыру мүмкіндіктері мен инфрақұрылымның қолжетімді болуы да аса маңызды. Ұзақ мерзімді көзқарас



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

Оның пікірінше, бұның нәтижесінен білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау сияқты маңызды салаларды қаржыландыру мүмкіндігі шектеледі. Сонымен бірге көлеңкелі сектордың жоғары болуы экономикалық өсімнің сапасын төмендетіп, ресми еңбек нарығының дамуын тежейді. Бұл бағытта нақты эмпирикалық зерттеулердің жеткіліксіз болуы мәселені толық бағалауға мүмкіндік бермей отыр.

Ләззат Нұрғалиқызы жеке сектордың әлсіздігі және нарықтағы бәсекелестіктің жеткіліксіздігі экономиканың дамуына әсер ететін тағы бір маңызды фактор деп көрсетеді. Кейбір салаларда мемлекеттік компаниялардың үлесінің жоғары болуы жеке инвесторлардың белсенділігін төмендетеді. Бәсекелестік болмаған жағдайда инновациялар баяу енгізіліп, өндірістің жаңару қарқыны тежеледі. Бұл өз кезегінде еңбек өнімділігінің өсуіне кедергі келтіріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуын баяулатады.

● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**Бекнұр ҚИСЫҚОВ,
қоғам қайраткері,
экономист:**

Жаңа мүмкіндіктердің көзі

Негізінен жеке сектор мен бәсекелестік бір-бірімен тығыз байланысты. Егер нарықта бәсекелестік болмаса, шағын және орта кәсіпкерлік толыққанды дамымайды. Ал бәсекенің жоқтығы өнім сапасына және инновациялардың енгізілуіне де кері әсер етеді. Десек те, экономиканың сапалы дамуы үшін бәсекелестік жеткіліксіз. Көлеңкелі экономиканы азайтудың тиімді жолдарының бірі – ережелерді барынша түсінікті әрі қолжетімді ету. Мұндай механизмдер кәсіпкерлерді заңды түрде жұмыс істеуге ынталандырады. Ал талаптар шамадан тыс күрделенсе немесе тым қатайса, керісінше, көптеген кәсіпкерлер бейресми секторға кетуі мүмкін.

Сонымен қатар, жеке сектордың дамуы үшін қаржыландыру мүмкіндіктері мен инфрақұрылымның қолжетімді болуы да аса маңызды. Ұзақ мерзімді көзқарас



бизнестің де, инвестицияның да тұрақты өсуі қиын.

Қазіргі климаттық өзгерістер жағдайында жасыл экономика уақыт талабы.

Бұл бағытта әлем елдерінің тәжірибесіне назар аудару маңызды. Мысалы, Қытай жасыл энергетика саласын қарқынды дамытып, жаңартылатын энергия көздерін кеңінен енгізіп келеді. Әрине, мұндай деңгейге жету оңай емес, дегенмен сол тәжірибелерді ескере отырып, бұл саланы кезең-кезеңімен дамыту қажет деп есептеймін.

Жасыл экономика – жаңа мүмкіндіктердің көзі. Ол жаңа жұмыс орындарын ашуға, инвестиция тартуға және инновациялық өндірістерді дамытуға ықпал етеді. Егер бұл бағыт нақты реформалармен ұштасса, экономиканың өсімі әлдеқайда қарқынды болуы мүмкін.

Ірі қалаларды дамытуда да жасыл экономиканың рөлі ерекше. Әсіресе, Алматы қаласында бұл бағытты жүйелі түрде енгізу маңызды. Жасыл экономика тек ағаш отырғызумен шектелмейді. Көп жағдайда қоғамда жасыл экономика дегенде көгалдандыру түсінігі жүреді. Алайда, бұл ұғым әлдеқайда кең.

ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ:

Сарапшылар жүйелі шешім ұсынды

«Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының алаңында халықтың шамадан тыс несие алу мәселесіне арналған «дөңгелек үстел» өтті. Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, бизнес қауымдастығы, заңгерлер мен қоғам белсенділері қатысты.



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Жиында берешектерді сотқа дейін реттеудің тиімді моделін әзірлеу және азаматтардың мүддесін қорғауға бағытталған цифрлық құралдарды енгізу мәселелері талқыланды.

Іс-шараның басында сөз алған Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалы Әйелдер қанатының төрағасы Алтынай Көбеева борышкерлерді қолдау бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында азаматтарға тұрақты түрде тегін кеңестер беріліп, күрделі жағдайларда қолдау көрсетіліп келеді. Алайда, қазіргі жағдай бұл бағыттағы жұмысты жаңа деңгейге көтеруді талап етеді.

– Қарыз алып, оны қайтара алмай қи-



Суретті түсірген Самат СЕРКЕБАЙҰЛЫ.

налған адам көбіне қайда жүгіну керегін, неден бастау қажет екенін білмейді. Со-

ның салдарынан іс сотқа кетіп жатады, – дейді Алтынай Көбеева. Спикердің сөзін-

ше, сарапшылар қауымдастығының негізгі міндеті – нақты кедергілерді анықтап, сотқа дейінгі реттеудің келісілген моделін әзірлеу. Болашақта бұл тәжірибені республикалық деңгейде енгізу жоспарланып отыр.

«Дөңгелек үстел» барысында халықтың қарыз алу себептеріне де ерекше назар аударылды. Қазақстан рестораторлар клубы қауымдастығының қаржы директоры Ирина Лебедева жүргізген сауалнама нәтижелерін жариялады. Заңгердің мәліметінше, қарыз алушылардың басым бөлігі несие үй, көлік, т.б. қымбат дүниелерге емес, ұсақ-түйекке, күнделікті қажеттіліктерге жұмсайды. Тіпті, борышкерлер азық-түліктің өзін несиеге алады.

«Кездесуге келер алдында 100 адам арасында сауалнама жүргіздім. Соның 70 пайызы несие қаражатын азық-түлікке жұмсайтынын айтты. Қазір микроқаржы ұйымдары мен банктерден онлайн несие алу тым қолжетімді болып кетті. Қарыз алушының өзі ғана кінәлі деу жаңсақ болар, бұл мәселені жүйелі түрде шешу қажет», – деді Ирина Лебедева.

● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БІЛІМ МЕН ТАБЫС ТАЛАСЫ

Ерте еңбекке мәжбүр буын мәселесі қаншалықты өзекті?



70%
студент оқу кезінде жұмыс істейді

300–450 мың ₸
айлық қажеттілік

25–30%
сабаққа тұрақты қатыса алмайды

15–20%
академиялық үлгерім төмендейді

(Сурет: ЖИ)

Жаңа үрдіс

Қалай десек те, аталған үрдістің көлеңкелі тұсы да бар. Табыс табу жолында кей жастар білімді екінші орынға ысырып қояды. Сондықтан «оқып жүріп жұмыс істеу дұрыс па?» деген сұрақ өзекті күйде. Бүгінгі студент ол – бұрынғыдай тек аудитория мен кітапхана арасында ғана өмір сүретін буын емес. Қазіргі жастардың күн тәртібі күрделі әрі қарқынды. Бір қолында ноутбук, бір қолында смартфон, ал ойында – білім, жұмыс және болашақ. Мәселен, Алматыда бір бөлмелі пәтерді жалдау құны орта есеппен 180–300 мың теңге аралығында. Ал студенттің ай сайынғы базалық шығындары (тамақ, жол, байланыс) шамамен, 120–200 мың теңгені құрайды. Яғни бір студентке айына кемінде 300–450 мың теңге қажет. Ал ресми деректерге сүйенсек, қаладағы орташа жалақы шамамен, 420–480 мың теңге көлемінде. Бұл көрсеткіштің өзі студент үшін толық жұмыс істеуді талап ететінін көрсетеді.

Бүгінде Алматыдағы кафе, мейрамхана, жеткізу қызметтері, сауда орындары сынды қызмет көрсету саласы студент еңбегіне айтарлықтай тәуелді. Сарапшылардың бағалауынша, осы секторларда жұмыс істейтін жастардың үлесі 30–40% -ға дейін жетеді. Бұл өз кезегінде еңбек нарығының икемділігін арттырып, шағын және орта бизнестің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп отыр.

Алайда, зерттеулерге сәйкес, жұмыс істейтін студенттердің шамамен, 25–30%-ы сабаққа тұрақты қатыса алмайды. Ал 15–20%-ында академиялық үлгерімнің төмендеуі байқалады. Тағы бір алаңдататын үрдіс – студенттер арасында несие мен займ алу жағ-

дайының көбеюі. Қаржы нарығын реттеу агенттігінің мәліметінше, 18–25 жас аралығындағы жастар арасында тұтынушылық несие алу соңғы жылдары айтарлықтай өскен. Бұл – қаржылық қысымның артқанын білдіреді. Нәтижесінде студенттер көбірек жұмыс істеуге мәжбүр болады.

Тәуелсіз болуға ұмтылыс

Қаржылық тәуелсіздікке ұмтылу да қазіргі жастарға тән ерекшелік саналады. Ата-анасына салмақ салмай, өз еңбегімен өмір сүруді қалайды. Алматыдағы жоғары оқу орындарының бірінде білім алып жүрген 1-курс студенті Ақмаржан Амангелді үшін де жұмыс пен оқуды қатар алып жүру өмірлік дағдыға айналып келеді.

– «Мен «JUZ40» білім беру орталығында тарих пәні бойынша кураторлық қызмет атқарамын. Бұл жұмыс маған үлкен тәжірибе беріп отыр. Алматыға енді ғана студент болып келгеніммен, оқумен қатар жұмыс істеу маған жаңа ортаға тез бейімделуге және тәжірибе жинауға көмектесті. Әрине, бастапқыда оқу мен жұмысты қатар алып жүру оңай болған жоқ. Кейде шаршау, уақыттың жетіспеуі, сабақ пен жұмыс кестесінің қабаттасуы, емтихан кезіндегі қиындықтар кездесіп отырды. Бірақ уақыт өте келе оған үйреніп кеттім. Өзім ата-анамнан бөлек қалада болғандықтан, оларға салмақ салғым келмейді», – дейді Ақмаржан.

Білім сапасына әсер етеді

Жоғары оқу орындары студенттерден сабаққа толық қатысуды талап

етеді, алайда оқу мен жұмысты қатар алып жүру көп жағдайда білім сапасына кері әсерін тигізуде. АТУ Тағам технологиялары факультетінің әдіскері Марал Бақытқызының айтуынша, қаржылық қысымға байланысты жұмыс істеуге мәжбүр студенттер оқу процесінен біртіндеп алыстап, үлгерімі төмендейді. Мұндай жағдайда университет тарапынан студенттермен жеке жұмыс жүргізіліп, қажет болса ата-аналарымен байланыс орнатылады. Дегенмен, бұл тәсілдер мәселені толық шешпейді.

Нәтижесінде кейбір студенттер сабақтан қалып, академиялық қарыздары көбейіп, тіпті оқудан шығып қалу жағдайлары да кездеседі. Бұл үрдіс болашақ мамандардың сапасына әсер етіп, олардың еңбек нарығында өз орнын табуын қиындатуы мүмкін.

Экономист Жанмолдаеваның пікірінше, бұл жағдай еңбек нарығына ерте араласатын жастар санын арттырғанымен, ұзақ мерзімде адами капитал сапасын төмендетуі ықтимал. Яғни толық қалыптаспаған білім мен кәсіби дайындық еңбек өнімділігі мен табыс деңгейіне кері әсер етеді. Сондықтан бұл мәселе тек жеке таңдау емес, білім гранттары, шәкіртақы және әлеуметтік қолдау жүйесі арқылы мемлекеттік деңгейде шешуді қажет етеді.

Студентке қолайлы жүйе керек

Мәселе аясында шетелдік тәжірибеге көз жүгіртсек, кейбір елдерде жоғары оқу орындарында мақсатты түрде студенттердің жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін жүйе қалыптастырғанын көреміз.

Мәселен, АҚШ, Германия және Оңтүстік Корея секілді елдерде жастар бұл тепе-теңдікті сақтаудың нақты механизмдерін қалыптастырған. Ең алдымен, олар уақытты тиімді басқаруға ерекше мән береді: студенттер оқу кестесіне сай икемді (flexible) жұмыс түрлерін таңдайды. Кампус ішіндегі жартылай жұмыс орындары, қашықтан істейтін қызметтер немесе сағаттық төлемі бар жұмыстар кең таралған.

Сонымен қатар, шетелдік оқу орындары оқу жүктемесін икемдеп, онлайн форматты дамыту арқылы студенттің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Кейбір елдерде студенттің апталық жұмыс сағатына шектеу қойылады, ол дегеніміз аптасына қанша сағат жұмыс істеуге болатыны заңмен немесе ережемен шектеледі. Иә, қазіргі таңда Қазақстанда да қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктері бар, алайда олар жүйелі түрде дамып, барлық студентке қолжетімді деңгейде емес.

Осының бәрін қорыта келгенде, студенттердің оқи жүріп жұмыс істеуін бір тарапты айыптаудың әділ емес екенін байқаймыз. Керісінше, қаржылық қысымнан шарасыз жұмыс істеуге мәжбүр жастарға қолайлы жүйе қалыптастыруға болмас па?! Себебі, бұл елдің адами капиталы мен білім сапасына тікелей әсер ететін жағдай. Екі мәселені бірдей қамтамасыз ететін жүйені мемлекеттік деңгейде қабылдауға болады деп санаймыз.

Яғни студенттердің оқи жүріп жұмыс істеуіне құқықтық мүмкіндік пен нақты механизмдер құрылса: елдегі еңбек заңына сәйкес жас мөлшері, жұмыс түрлері, жалақы мөлшері деген мәселелер нақты белгілеу. Бұл механизм жастардың білім ала жүріп қосымша даму мүмкіндіктеріне жол ашып, елдегі адам капиталы мен бәсекеге қабілеттілігіне де оң әсер беруі мүмкін.

● БАСПАСӨЗ ЖИЫНЫ

Алматыда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті жылдың алғашқы тоқсанындағы жұмысын қорытындылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте департамент басшысы Мұрат Мұратбеков комитет жұмысын жан-жақты түсіндірді.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Жыл басынан бері
29 мың қызмет
көрсетілген

Спикердің айтуынша, қаңтар–наурыз айлары аралығында қалада 29 128 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Барлық қызметтер заң талаптарына сай және белгіленген мерзімде орындалған. Соның ішінде 23 628 қызмет зейнетақы мен әлеуметтік қамтамасыз ету саласына, 5500 қызмет мүгедектікті белгілеу мен әлеуметтік қорғау шараларына қатысты.

–Қызметтің басым бөлігін электрондық үкімет порталы мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетті. Бұл халыққа барынша ашық әрі қолжетімді болуды қамтамасыз етеді», – дейді спикер.

Ең көп сұранысқа ие қызметтер: бала туу мен күтіміне байланысты жардемақы – 6887 қызмет (23,6%); мүгедектікті белгілеу – 5500 (19%); базалық зейнетақы төлемі – 4353 (15%); жасына байланысты зейнетақы төлемі 3956 (13,6%).

Медициналық-әлеуметтік сараптама саласында да оң динамика байқалады. Алғашқы мүгедектік көрсеткіші 4,6% -ды құрап, республикалық орташа деңгейден (6,7%) төмен болды. Азаматтардың 97,3%-ына мүгедектік тағайындалған. Ересектер арасындағы мүгедектіктің негізгі себептері: қатерлі ісіктер – 49,9%; қан айналымы жүйесінің ауруы – 18,7%; психикалық ауру – 6,4%.

Сонымен қатар, қызмет көрсетудің проактивті форматы дамуда. Мүгедектікке қатысты шешімнің шамамен, 48%-ы азаматтардың қатысуынсыз, қашықтан қабылданады.

Бақылау мен мониторинг бағытында: оңалту құралына берілген 31 мың өтініштің 47,7%-ы орындалған; тізімнен 76 сенімсіз жеткізуші шығарылған; нысандардың қолжетімділігі бойынша 8 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 39 заңбұзушылық анықталып, 1,8 млн. теңге көлемінде айыппұл салынған.

Бірінші тоқсанда департаментке азаматтардан 1562 өтініш түскен. Олардың негізгі бөлігі медициналық-әлеуметтік сараптама, зейнетақы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелеріне қатысты.

Бетті әзірлеген
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



IZET

Биыл еліне еңбегі сіңіп, туған жұртының мақтанышына айналған генерал-майор Сәбет Жақыпбековтің туғанына 90 жыл толады. Бұл мерейтойлық сәт бір адамның ғұмырын ғана емес, тұтас бір дәуірді айшықтайды. Әсіресе, ел қауіпсіздігі мен байланыс саласының қалыптасу жолының шежіресін еске алатын сәт.



беттің бойынан жаңашылдықты, ізденімпаздықты байқап, оны болашақ перспективалы ғалым ретінде таниды. Осылайша көп ұзамай, КСРО Ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің Техникалық кибернетика институтына жібереді. Алайда, жас инженерді еліміздегі арнайы қызмет саласы әскери қызметкер етіп қабылдайды.

Сәбет Жақыпбеков республиканың Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қарамағына жіберіліп, бас байланыс электромеханигінен бастап, Қазақстан Республикасы ҰҚК бас басқармасының бастығы, үкіметтік байланыс әскерлерінің бастығына дейінгі жолды жүріп өтті.

Жоғары білікті маман үкіметтік байланыстың дербес қызметін қалыптастыру жөніндегі ұйымдастыру жұмысына белсене қатысып, осы саланың техникалық мүмкіндіктерін жақсартуға, ақпаратты жабық берудің, оны жинақтау

«Құрметті байланысшы» деген атаққа ие болды.

1995 жылы үкіметтік байланыс органдарының Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің құрамына берілуімен С.Жақыпбеков Мемлекет басшысына тікелей бағынатын осы мемлекеттік орган бастығының орынбасары болып тағайындалды. Бұл жауапты қызметте ол шебер басшы ғана емес, сондай-ақ жоғары кәсіби мамандардың тұтас бір тобын тәрбиеледі. Олардың дені үкіметтік байланыс қызметінің жетекші бөлімшелерінің басшылары болды.

1997 жылы Сәбет Жақыпбеков Қазақстанның жетекші телекоммуникациялық компанияларының бірінде президент қызметін жалғастырды. Қазақстанның тәуелсіз ұлттық спутниктік байланыс желісін құруға қатысты.

Мерейлі сәтте

Елге қызмет етудің үлгісі болған ардагер 2021 жылы дүниеден өтті. Алайда, оның ғұмырлық өнегесі үзілген жоқ. Запастағы полковник Қасымхан Есімсейітов:

– Генерал-майор Сәбет Малғаждарұлы әріптестерінің арасында еңбексүйгіштігі, бастамашылдығы, әріптестерін түсінуі және қолдайтындығы, сондай-ақ қарамағындағылардың мұқтаждықтары мен мәселелеріне қамқорлығы үшін зор беделге ие болды, – деп еске алады.

«Орнында бар оңалар» дегендей, соңында қалған ұрпағы ардагер тұлғаның ізін жалғап, ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығына еселі еңбек етіп келеді. Айталық, үлкен ұлы Сембек – отставкадағы полковник, ҚР ҰҚК үкіметтік байланыс жүйесінде басшылық лауазымдарды атқарды, кіші ұлы Ержан телекоммуникация саласында жұмыс істейді.

90 жылдық мерейлі сәтке орай, 25 сәуір, Алматыда ардагерлер арасында бильярд спортынан кезекті сегізінші турнирі өтеді. Жалпы, бильярд әуесқойларының ішінде генералдар да аз емес. Алматыдағы турнирге ұлттық қауіпсіздік органдарының отставкадағы генералдары мен аға офицерлері қатысады. Өзімен бірге қызмет еткен әріптестері де Сәбетті еске алуға арналған іс-шараның ортасында болмақ. Осылайша спорттық іс-шара Сәбет Жақыпбековтің өнегелі жолына арналғалы отыр.

АРДАГЕР ДІҢ АСЫЛ ӨНЕГЕСІ

Рая
ЕСКЕНДІР

Генерал-майор Сәбет Жақыпбековтің туғанына 90 жыл

Ақтоғайда ұшталған арман

Мемлекеттің дамуына азаматтық адал еңбегін аямаған Сәбет Малғаждарұлы 1936 жылы 23 сәуірде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Ауылдың зеңгір аспанына құлаш ұрып өскен ол жастайынан зеректігімен көзге түсті. Арман арқалаған жастық шағында Новосібір электротехникалық институтында білім алып, оны қызыл дипломмен тәмамдаған. Өз болашағын биіктен көрген жас маманның алдында кең мүмкіндік тұрған еді. Ғылым жолына да бет бұруға мүмкіндігі болғанымен, елінің керегіне жарауға туған жанды өз тағдыры ел қауіпсіздігі саласына алып келді.

Осылайша ол мемлекеттік қауіпсіздік жүйесіне қабылданып, бас байланыс электромеханигінен бастап, Қазақстан Республикасы ҰҚК бас басқармасының

бастығы, үкіметтік байланыс әскерлерінің жетекшісі деңгейіне дейін көтерілді.

Жерлестері оны «Ақтоғайдан шыққан тұңғыш генерал» деп мақтан тұтса, күллі қазақ жұрты оның мемлекет үшін атқарған еңбегін жоғары бағалайды. Генерал-майор Сәбет Малғаждарұлы – өз ісінің хас шебері, кәсіби біліктілігімен ел дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Ол жиырма жылдан астам уақыт бойы еліміздің үкіметтік байланыс жүйесін басқарды.

Еселі еңбектің жолы

Алғашқы еңбек жолын да сәтті бастады. Ол кезде де қазіргідей сұранысқа ие маман деген тапшы болатын. «Электр байланысының инженері» деген дипломы бар жас маманды Қарағандыдағы өндіріс орны құшақ жая қарсы алуға ниетті болса да, оқу ордасы жас Сә-

мен талдаудың жаңа жүйелерін игеруге және енгізуге зор үлесін қосты. Төменгі буынның басшысы бола тұра, 50-ден астам өнертабыстарды әзірлеуге қатысты. Осылайша ол атсалысқан салада байланысшылардың жұмысы ұдайы жақсарып, жетілдірілді. Сондай-ақ, арнайы мемлекеттік органдардың да, елдің жоғары жетекшілерінің де келіссөздері мен хат алмасуларын сенімді қорғау қамтамасыз етілді.

Тәуелсіздік тұғырында

Осындай қол жеткізген жетістіктері үшін генерал-майор С.М.Жақыпбеков Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Құрмет грамоталарымен және көптеген медальдармен марапатталды. Сондай-ақ, КСРО КГБ құрметті қызметкері, ҚР ҰҚК құрметті қызметкері, Ресей ФАПСИ құрметті қызметкері, сондай-ақ

ДЕНСАУЛЫҚ

Шаһарда студенттердің ғылыми әлеуетін көрсетуге бағытталған тәжірибелік конференция өтті. «Медицина шекарасыз: студенттік зерттеулер» атты іс-шара қаладағы білім алып жатқан жастардың кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды алаң ретінде ұсынылды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Конференцияға медициналық колледждердің 2-3 курс студенттері қатысты. Олар ғылыми жобалары мен зерттеу жұмыстарын «Жалпы медицина және мейірбике ісі», дәрілік өсімдіктер мен дәрі нарығына талдау жасау, судың кермектігі, есту қабілеті сынды бірнеше тақырыптарда ұсынды. Ал медицинадағы инновациялар аясында студенттер тіс протездеу, контактілі линзалар және заманауи диагностика әдістерін ұсынды.

Жоғары медициналық-стоматологиялық колледж директоры, Нұрмұхамед Рузуддинов конференция студенттерге ғылымның өзектілігін көрсетуді мақсат еткенін жеткізді.



– Цифрлық технологиялар қарқынды дамып жатқанымен, әлі де терең зерттеуді қажет ететін мәселелер аз емес. Осыған орай, біз алғаш рет колледж қабырғасында студенттік ғылыми конференция ұйымдастырып отырмыз. Ғылыми ойлау тек жоғары білім деңгейінде ғана емес, орта буында да қалыптасуы тиіс. Өйткені, еліміздегі көптеген мәселелер ғылыми тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Мұндай бас-

СТУДЕНТ ІЗДЕНІСІ

Жас зерттеушілерге арналған байқау өтті



тамалар жас ұрпақтың ерте жастан ғылыммен айналысуына жол ашады, – деді ол.

Оның айтуынша, конференция жеті бағыт бойынша ұйымдастырылып, 60-

тан астам студент қатысқан. Колледждер деңгейінде өтіп жатқан бұл байқау алдағы уақытта ауқымын кеңейтіп қалалық, тіпті республикалық деңгейге дейін жеткізу де көзделген.



Сәуірдің салқын лебі қаланың қабағын аштырмай тұрған шақ. Алматыда Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, көрнекті ақын және қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов өмірден озды деген суық хабар қара орман жұрттың қабырғасын қайыстырып кетті.

21 сәуір күні Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Алаш жұртшылығы арда жүрек ақынын ақтық сапарға шығарып салды.

Сөз өнеріне арналған өмір

Қаралы жиынға Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды және басқа да мемлекет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, замандастары мен ақын шығармашылығын сүйер қауым, сондай-ақ бауырлас Қырғыз елінен арнайы делегация келіп қатысты.



АЛАШ ЖҰРТТЫ АРДАҚТЫ АҚЫНЫМЕН ҚОШТАСТЫ

Мемлекет басшысының көңіл айту жеделхатын оқыған Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев:

– Ұлтының адал перзенті, аса көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтамын. Мұхтар Шаханов бар ғибратты ғұмырын қастерлі сөз өнеріне арнап, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерген, төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан қоғамымыздың тұғырлы тұлғасы еді. Өнегелі өмір сүріп, соңына мол әдеби мұра қалдырған ардақты ағамыздың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады.

Мұхтар Шаханов – тірлігінде қалың қазақтың махаббатына, алғысына бөленген қаламгердің бірі. Еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін оның өлеңдерін жатқа оқиды. Бар қазақ бас иіп, құрметтейді. Ол қазақ поэзиясына жаңаша тыныс әкеліп қана қоймай, оның дамуына үлкен үлес қосқан айтулы тұлға еді, – дей келіп, қалың оқырманның қайғысына ортақ екенін жеткізді.

Жұрт қайғысын бөлісті...

Қаралы жиынды жүргізген Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов Мұхтар Шахановтың қазаққа қалтқысыз қызмет еткен, руханиятқа өлшеусіз еңбек сіңірген сирек тұлғалардың бірі екенін айрықша атап өтті.

Әсіресе, өткен ғасырдың сексенінші жылдары оқырман қауымға «Танакөз» поэмасымен танылып, әдебиетке ә дегеннен-ақ ерекше құбылыс болып келгенін, содан бері ел жүрегінен терең орын алған ақынның күрескерлік рухы елмен бірге жасай беретінін жеткізді.

Ақынмен қоштасу үшін арнайы келген делегация атынан қырғыз жазушысы Шолпонбек Абыкеев сөз алып, Қырғызстан президенті Садыр Жапаровтың көңіл айту хатын оқыды.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, ақынның рухтас інісі Ұлықбек Есдәулетов, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан шоқтығы биік шығармалар жазған ақынның поэзияны азаматтық ұстанымымен ұштастыра білген біртуар тұлғалардың бірі екенін тебірене айтып, азаматтығы, қазақ поэзиясының дамуына қосқан үлесі, соңында қалған бай мұрасы руханиятымыздың құнды қазынасына айналатынын жеткізді.

«Хақ Жаппарға бермекшіміз Мұхтарды...»

Алматыда ардақты ақынымен қоштасуға жиналған жұрттың есебі жоқ, бәрінің жүзі сынық, көңілі қамығыңқы. Мұхаңның өмірден өткенін бір дәуірдің көшкенимен теңестіре толқыған жандардың жанарында ізгі құрмет пен терең сағыныш анық білінді. Қаламгер қауым қаралы хабарлы ести сала әлеуметтік желіден түрлі өлең-жырларымен

қара орман жұрттың қайғысына ортақтасып, көңіл айтып жатты. Соның арасында ақын Әділет Ахметтің:

*«Хақ Жаппарға бермекшіміз Мұхтарды,
Халқы болып көмбекшіміз Мұхтарды.
Асау Мұхтар өшкіндеген ділімді,
Өлеусіреп бара жатқан тілімді,
Қан мен жасқа тоғытылған жырлымды,
Өрттен ыстық өлеңімен құтқарды...», –*

деп басталатын жоқтау жыры рекше есте қалды.

Аяулы тұлғаны қимаған оқырмандары «Ақшам» редакциясына да келіп, өздерінің жүрекжарды лебіздерін жеткізіп жатты. Солардың бірі Гүлжамал Дәркембаева есімді қала тұрғыны мына бір қоштасу сөзін дәптеріне жазып алып келіпті:

«Біз Мұхтар ақынның өлеңімен сусындап өскен ұрпақпыз. Сонау жас кезіндегі жалынды жырларынан бастап, кемеңгерліктің кемеліне келген кездегі жырларын да жатқа білеміз. Мұхтар Шахановты қоштасуға келген жандардың жүзіндегі қимастықты көріп, жаным ауырды. Бүкіл қазақ халқы біріне-бірі көңіл айтып жатты. Қазақ өнерінің қарашаңырағы опера театры тағы да ұлтының қимасын босағасынан қимастықпен шығарып салды. Қош болыңыз, Алаштың оғылан ұлы!».

Мұхтар Шахановтың қайсар мінезі, өр рухы, әділет жолындағы табандылығы мен елдік мүдде алдындағы адалдығы жұрт жадында мәңгі сақталады. Алматыдағы қоштасу рәсімінің ертесінде ақынды туған жері Отырарда жер қойнына тапсырды.



Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ, КСРО халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері:

Желтоқсан шындығын жоқтаған қайсар ақын

– Көрнекті ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, ұлт руханиятының ірі тұлғасы Мұхтар Шаханов дүниеден өтті. Біз үшін орны толмас ауыр қаза.

Мұхтар Шаханов – тек поэзия әлемінде ғана емес, ұлт тағдырына қатысты ең күрделі мәселелерде де батыл үнін жоғалтпаған тұлға еді. Ол ел тағдыры сыңға түскен кезеңдерде әрдайым алдығы шептен табылып, елдің мүддесі жолында табанды күрес жүргізді. Әсіресе, Желтоқсан оқиғасының ақиқатын ашудағы батылдығы мен әділет жолындағы табанды ұстанымы халық жадында мәңгі сақталады. Оның Арал қасіретін көтерудегі жанайқайы – адамзат алдындағы үлкен жауапкершілігінің көрінісі.

1991 жылғы 5 қазанда құрылған Қазақстанның Халық конгресі партиясы – ел тағдырына бей-жай қарамайтын, либералды-демократиялық бағытты ұстанған саяси күш болды. Бұл қозғалыс кездейсоқ пайда болған жоқ, ол халықтың шынайы үніне айналу үшін дүниеге келді. Сол тұста Мұхтар Шаханов екеуміздің осы партияға төрағалық етуіміз – үлкен жауапкершілік еді. Осы қырынан алғанда, Шаханов – нағыз саясаткер. Оның әрбір сөзі халықтың мұңымен үндесіп, жүректен шыққан шынайы ой ретінде қабылданды.

Мен «Невада–Семей» қозғалысы арқылы ядролық сынақ полигонын жабуға үн көтерсем, Мұхтар Шаханов Арал трагедиясын тоқтатуға шақырып, табиғат пен адамзат тағдырының біртұтастығын дәлелдеді.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, барша қазақстандықтарға қайғырып, көңіл айтамын.



Асылы ОСМАН, тіл жанашыры:

– Меніңше, дәл осы Мұхаңдай ұлтына, еліне, халқына жанындай сүйіп берілген ақын сирек. Мұхаңның әрбір өлеңінен, сөйлеген сөзінен, ар жағындағы жұдырықтай жүрегінің түкпірінен халқы үшін, елі үшін жаралған жан екені білініп тұратын.

Біз білетін, біз жақсы көрген Мұхтар Шаханов ұлттық мүдде үшін күресте де орны ерекше тұлға. Кешегі Желтоқсанның шындығын ашуда, Арал қасіреті және мемлекеттік тілді қабылдауда, Наурыздың қайта оралуы жолындағы ерен еңбегі соның бір сыпырасы ғана. Өмірінің соңғы жылы оңай болмады. Екі ұлы Қуанышты мен Рауаны бірінен соң бірі кетті. Ақын деген сезімтал ғой. Жүрегіне ауыр жүк түсті. Ақын бауырымыздың денсаулығының құрт нашарлап, жансақтау бөліміне түскенін естігеннен бері менің де мазам кетті. Қайдан білейін, жүрегі құрғыр сезді ме, дәл сол күні ауруханаға бардым. Ішке кіргізуге рұқсат жоқ деді. Көңілім түсіп, кері қайттым. Сол күні суық хабар жетті.



Салтанат АМАНОВА, Қырғыз Республикасы Жоғары Кеңесінің депутаты:

– Мұхтар Шаханов тек қазақ халқының ғана емес, қырғыз елінің де ұлы. Рухы биік ақынның дүниеден өткенін естіген қырғыз халқының да қабырғасы қайысып, аза тұтып жатыр. Мұхтар Шаханов – тек

ақын ғана емес, ол ұлттық намыстың символы, қазақ руханиятының асқар шыңы, саналы ғұмырын елінің азаттығы мен ана тілінің мәртебесіне арнаған ірі тұлға. Ұлы ақын өзінің азаматтық ұстанымының үлгісін көрсетті. Қырғыз елі де Мұхтар ағаны биік тұтты. Соңында ел айта жүретін ісі қалды, ізі қалды. Қырғызстанда елші бола жүріп екі елдің достығын нығайтты. Манас эпосын жаңғыртты. Қырғыздың идеологиясы мен мәдениетіне өз үлесін қосып кетті. 2021 жылы Қырғыз Мәдениет министрлігі Мұхтар ағаны арнайы шақырып, үш күн бойы «Сана биігіндегі саналы адам» деген деректі фильм түсірген еді. Қазір қырғыз халқы фильмді көріп, Мұхтар Шаханов бейнесімен қауышып жатыр. Қоштасып та жатыр.



Айтарын ашып айтқан АШЫҚБАЕВ

**Поэзиясы – шет-шегі көрінбейтін
Үлкен кеңістік. Сондықтан онда
әр ақын өзінше тірлік кешеді. Олар-
дың дауысы шартарапқа жетіп,
адамдар арасын жалғап тұрады.
Өйткені, өлең қайда жазылса да
ондағы сыр мен сезім адамзат
баласына ортақ. Ақындардың үнемі
жұрт көзіне жиі түсетіндері бар,
ондайлардың ел атын білсе де,
жырымен таныс болмауы мүмкін. Ал
енді бір ақындар бар-жоғын білдір-
мей және онысына мән де бермей
үн-түнсіз өлеңін жазып жүре береді,
туындылары назарға тез ілініп,
оқырмандармен ыстық қауышады.
Ақын Ертай Ашықбаев біз айтқан
екінші топтың өкілі болса керек.**

да, берідегі жібектей жұмсақ Сағи Жиенбаев пен өктем үнді Өтежан Нұрғалиевтер өз алдына дәстүр жасаған ақындар. Сондықтан мен Есенбай Дүйсенбаевты Сағи салған сара жолдың мұрагеріндей көрсем, Ертайдан кей тұста Өтежанның қарапайым жырлау арқылы үлкен ойларды ашық та ащы жеткізе білетін шеберлігінің ізін көрем. Бір өлең оқып көрейік:

Ойын ашық айту, қарапайым жырлай отырып көзі жеткен шындықты бүгіп қалмау тұрғысынан бұл өлеңнің кей қасиеті Өтежанның «Соғыстың соңғы жазы» дейтін кітабындағы кейбір жырлардың мақамын еске салғандай. Бірақ соның өзінде Ертайдың қолтаңбасы анық көрінеді. Өтекең шындықты айтам деп кейде өлеңіне ащыны көптеу қосып жіберсе, Ертай ондай жерді жұмсақ мысқылмен әдемі айналып өтеді. Мұндай құбылысты әдебиетші ғалымдар үлгіні бойға сіңіре отырып шығармашылықпен дамыту деп тәпсірлейді. Ғылым тілінде стилизация деп атайды. Ал сәтті стилизация жасай білу қашанда таланттардың еншісінде.

Дей келгенде, әрбір ақынның маңдайына су жаңа үлгі жасау бұйыра бермеген, өйткені басқа салалар секілді поэзияда да форма жасаудың шегі бар, бірақ дарындылар қашанда жол табады. Бұл тұрғыдан алғанда, түрлі буындағы өлең жолдарын араластыра, жымдастыра еркін қолдана отырып, ойға селкеулік қалдырмайтын Төлеген Айбергеновтің, Мұхтар Шахановтың поэзиясындағы үлгілерді дамытуға, жаңаша жырлау арқылы көптеген өлең формаларын өміршең еткен Байбота Қошым-Ноғайдың, ұзынды-қысқалы өлең жолдарына екпін түсіре отырып, оған алабеттен күрделілік дарытқан Мейірхан Ақдәулетұлының ізденістері қазақ поэзиясының құнды қазынасына айналды. Ал Ертай Ашықбаев та ондай табыстан құралақан емес. Ол да өз сөзін өзінше айтуға талпынған, талпынып қана қоймай белгілі деңгейде жетістікке жеткен ақын.

*Есенғали, менің қалам – осы,
Қандай ғажап. Қарашы:
Анау – Жүмекеннің сырттай досы,
Мынау – Өтежандардың
кейіпкерінің баласы.*

*Қалайша тағамыз мін?!
Тербеп тұр көп сурет, мол елес:
Анау – бозторғайлары Есенбай
ағамыздың,
Сенің қасқалдақтарың да жоқ емес.*

Бұл әдебиетші ғалымдар айта беретін силлабо-тоникалық өлеңнің біздегі жақсы үлгілерінің бірі. Яғни бір өлең әрі екпінге, әрі буынға негізделіп отырып, жаңаша түр жасайды. Былайша айтқанда, мұнда поэзияның математикасы да, музыкасы да тоғысып тұр. Бұрында мұндай үлгі бірлі-жарым өлең шумақтарында кездесе кездескен шығар, ал Ертайда мұндай қалыптағы өлеңдер толыққанды туындыға айналып, өз алдына бір жүйе құрайды. Ақынның осы стильдегі өлеңдеріне оның өз мері басылып, таққан енінің өзгешелігін анық көрінетіні сонша, қазір осындай бағыттағы бірер шумақ көзіміз түссе, есімізге бірден Ертай оралатын болды. Демек, қазақ поэзиясында айтарын ашып айтатын Ашықбаевтың өзіне лайық орны бар.

Мәңгілік ештеңе жоқ шығар. Ат та арып, торқа да тозар. Тозбағанның өзін қаптаған халтурщиктердің ит тартқан терідей қылған жайлар тарихта жиі кездеседі. Себебі, оған тыйым да жоқ. Бірақ белгілі бір дәуірде тайға басқан таңбадай анық боп қалып, қасиетін жоғалтпаған нәрсе бәрібір көзге түспей тұрмайды. Оған жеткен де, жетпеген де ақындар көп. Жеткендердің қатарында жүрегі таныған шындыққа ғана жүгініп, әрдайым айтарын ашып айтқан Ашықбаевтың бар екені күмәнсіз!

**Ахмет ӨМІРЗАҚ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.**

Бұдан кейінгі жылдарда Ертай Ашықбаевтың жазғандарын «Алтын Орда» газетінен жиі көретін болдық. Апталық басылым беттерінде Ертай ақынның өрелі мақалаларын оқитын едік. Дегенмен, өмір бір орында тұрма, кейін Алматыға келген соң Ертай Ашықбаевтың да әдеби шығармаларын оқуға қолымыз жетті. Ертай туындыларын оқыған адам оның сан қырлы қаламгер екенін көзі жетіп, көңіліне ой түйетін шығар. Ол үлкендерге де, балаларға арнап бірдей қалам тербейтін ақын. Бұл – кез келген ақынның қолынан келе беретін шаруа емес, сондықтан мұндай ақындар бізде сирек. Демек, Қадыр Мырза-Әли, Тұманбай Молдағалиев, Жарасқан Әбдірашев, Байбота Қошым-Ноғай секілді балаларға да, үлкендерге де арнап жазатын және екі салада да тамаша табысқа жеткен аз ақындардың қатарында Ертай Ашықбаев та бар.

Ертайдің алғашқы топтама өлеңдері 80-90-жылдарда шыққан «Темір қанат», «Ақ сәуле», «Бастау» секілді ұжымдық жинақтарына енсе, одан кейінгі жылдарда жемісті еңбек еткен ақынның «Қос мең», «Жақсы баға», «Ұя», «Ашық сабақ», «Ғашықтар мектебі» «Қаңтардағы құс», «Қобыландының қонысы» секілді поэзиялық кітаптары, «Ақтөбе кітапханасы» сериясымен шыққан бір томдығы, екі томдық таңдамалы шығармалары, «Өлең мен өмір» әдеби мақалалар жинағы жарық көрді. Бұл – қалам иесінің әдебиет майданында жемісті еңбек етіп жатқанының дәлелі болса керек.

Ертай ақынның өлеңдерінде жалт-жұлт еткен поэтикалық эффектілер көзді арбамайды, есесіне – шындыққа суарылған қарапайымдық пен нәзік юмор бар. Адамның жанына шындықтан жақын нәрсе жоқ. Шындықты өмірден үйренгендер, оның мәнін өз басынан өтіп жатқан жайлардан тапқандарға ненің не екенін айтып әуре болудың керегі жоқ. Өзгелер жайлы жазғанда шындықты әзілге орап жеткізетін Ертай, өзіне келгенде ештеңені жасырмай, ашық айтады:

*Жазу, сызу маған қонған бақ, талап,
Дерсіз, бәлкім: «ал, не жаздың,
мақтан-ақ».*

*Әттең, әкем халық жауы болмапты,
Жазар едім бір поэма... ақтап ап...*

*Қозы бақтым. Үйрек бақтым.
Қаз бақтым.
Ғашық болдым – тарттым сонда
аздап мұң,*

*Диссиденттік маған қайдан
бұйырсын –
Үкіметке қарсы өлең жазбаппын.*

*Жаза қояр дерек таппай мүлде мен
Қиналамын. Жиналыста үндемен.
Алматыдан кетіп қалғам ертерек –
Желтоқсанда танысқам жоқ
түрмемен.*

*Жиналыста көбеңсиді көңілім,
Маған назар аудармайды көп інім.
...Жарыссөзде айта салар ерлігі
Емге де жоқ, ай-хай, менің өмірім.
Бір адамның кешкен тағдыры...*

Бір ғұмырдың боямасыз баяны. Өзін даттамаған да, мақтамаған да. Ештеңені бүгіп те қалмаған. Бірақ бұл өмір. Дулы дүрмектің алақанында жүрмеген, ерлік көрсетер алаң іздемеген, өзіне бұйырған тағдырды мақтанш етпейтін және көңілі толмайтынын айтып ақталмайтын жүрек сөзі. Сонымен бірге, өлең астарындағы мысқылға ой бөлсеңіз – ақын айналасында жүрген қауымның да тыныс-тірлігінен хабардар болып қалуыңыз бек мүмкін. Бүгінде адамдар атын шығару үшін не істемейді? «Халық жауының тұқымы», «Желтоқсанда таяқ жегеннің» досы болу, «өкіметке қарсылығы себепті» диссидент атану – бәрі-бәрі кеуде соғар мақтанш, жұрт назарын бұру.

Өйткені, қоғам зәбір көргендерге жақтасқанды ұнатады. Бірақ сол «жәбірленгендердің жақыны» еліне, халқына пайдалы не істепті? Оған жауап ала алмайсыз. Демек, мына өлеңде Ертай өзі туралы шындықты айту арқылы, өзгелердің де шындығын ашып отыр. Яғни ақынның айтпағы параллель екі линиямен – бірі бүкпесіз, бірі астарлы жеткізілген. Соны жұп-жұмыр қылып 20 жол өлеңге сыйдыра білу үлкен күш – шеберлік күші.

Ақынның ешбірі аспаннан түспейді, жерде туып, кіндік қаны да сол жерге тамады. Туған жер дейтініміз сол. Әр адам заманының ғана емес, өзі өсіп-өнген ортаның тәрбиесінің, дәстүрінің жемісі. Бұл әдебиетке де қатысты. Яғни қолына қалам ұстаған әркім-ақ өз топырағынан шыққан таланттардың заңды жалғасы болып келеді. Басқаша болып жатса ол сенімсіздеу көрінеді. Демек, Ертай да ондай дәстүр жалғастығынан сырт қалған ақын емес. Ақтөбе топырағы алуан түрлі талантты ақындардан кенде болған емес. Арыда арындаған Сарышолақ пен Нұрпейіс Байғанинді былай қойған-

Әңгіменің бұл тұсы бұдан 30 жылдан әрі, қазаққа өз тілінде санаулы баспасөз құралын беріп, жұртты ақпараттық ашыққа қамаған кеңестік кезеңге байланысты айтылып отырғанын ескеріңіз. Ол кезде телевидение мен радио эфирін, газет-журнал беттерін бермейтін Кеңес Одағы әспеттеген санаулы ғана тұлғаларды біліп өстік қой, сондықтан жазғандары баспасөзге сирек жарияланатын кейінгі дәуір таланттарын дер кезінде біле бермесек, оған біздің айыбымыз аздау.

О кезде Ертай ақынның есімін кейбір шолу мақалаларда көріп қалғанымыз болмаса, өлеңдеріне біраз уақыт кезіге қоймадық. Алғаш рет оның жазғандарынан көзіме түскені – өткен ғасырдың 90-жылдарында, яғни оқығанымызға мән беретін кезімізде «Қазақ әдебиеті» газетінің соңғы бетінде жарияланған аты белгілі ақындарға арнаған бірнеше эпиграммасы еді. Көлемі шағын болса да әдемі юмормен өріліп, астарына көп шындықты бұккен ол туындылар сол кезде жиі айтылатын «көпсөзділіктен» ада, нағыз жұп-жұмыр минимализмнің үлгісі еді. Сонымен бірге, эпиграммаға кейіпкер болған ақындардың болмысынан, әдеби өмірінен хабардар ететін. Мұны бір сөзбен шеберлік деп атаса болар.

Содан болар, өлең жолдары ұзын келетін Тыныштықбектің («Өлеңіңнің жолдары, ұп-ұзын боп жатып ап; көздеріміз сорлады, әрлі-берлі қатынап»), дабысы жалпақ жұртқа жетіп жатса да, тұңғыш жинағы әлі шықпаған Шәкизада Әбдікерімовтің («Шықпай-ақ та жинағың, кештің талай өткелді. Озып кетіп қинадың, жинақтары көптерді»), туған өлкесі Маңғыстауды жиі жырлайтын Светқали Нұржановтың («Бұған дейін жазғаны, жазатыны алдағы – Маңғыстаудың саздары, Маңғыстаудың шалдары»), ауылдан Алматыға қатынаумен өмірі өтіп жатқан Есенқұл Жақыпбековтің («Кейпің күндіз – қалалық, селолықсың – кешкілік»), тым қасқа жазуға машықтанып алған Мұратбек Дүйсенбековтің («Сықақтарың қып-қысқа, себебін айт шошыма; оқырманың ұққыш па, әлде барың осы ма»), басылымдардан көптен көрінбей кеткен Шәмшия Жұбатованың («Шәмшияның жырлары, көрінбейді япыр-ау; өлеңге де мұндағы жасала ма бақылау») ақындық болмысы, кешіп жатқан тағдыры, шығармашылық ерекшеліктері аз ғана сөзбен сомдалып, есіңде қалып қояды.



ЧЕМПИОНДЫҚ РУХ

Таңғы жаттығу 50 мың жасты біріктірді

Алматы қаласында ауқымды Аспорттық іс-шара өтті. «AMANAT» партиясының «Жастар рухы» жастар қанаты және Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен бесінші рет «Чемпиондық рух» жобасы ұйымдастырылды. Іс-шара аясында қала бойынша бір мезетте мектеп оқушылары мен колледж студенттері таңғы жаттығу жасады.



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жоба спорттық белсенділіктен бөлек, кең ауқымды әлеуметтік құбылысқа айналды. Оның ішінде «Чемпиондық рух» жобасы – нақты іс-қимылдар арқылы есірткіге қарсы тұрақты көзқарас қалыптастыруды көздейді. Сондай-ақ, жоба салауатты өмір салтын насихаттауға және «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамаларын қолдауға бағытталған.

– Жобамыздың негізгі мақсаты – бұқаралық спортты дамыту. Ал бүгінгі тақырыбымыз ретінде біз есірткіге қарсы күрес мәселесін алдық. Есірткі дерті – заман дерті, сондықтан оның

салдарын түсіндіру, жастарды салауатты өмір салтына баулу маңызды. Жалпы бүгін ЦСКА стадионында 5 мыңға жуық адам жиналды. Одан бөлек, қаламыздың 225 мектебі мен 80 колледжінде бір мезетте осындай жаттығулар ұйымдастырылып жатыр. Жалпы қатысушылар саны 50 мыңнан асады, – деді Алматы қаласы «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Дидар Ділдібаев.

Іс-шараның орталық алаңы қалалық стадион болды. Мұнда оқушылар, спортшылар және түрлі ұйымдардың

өкілдері жиналып, бірлескен жаттығулар мен тақырыптық іс-шараларға қатысты. Одан бөлек, стадионға жиналған жастар бірге жаттығу жасап қана қоймай, Ішкі істер министрлігінің арнайы жасағының қойылымын тамашалады. Сондай-ақ, көпшілік алдында «Барыс» клубының өкілдері өнер көрсетті.

– Бүгін Білім басқармасының бастамасымен, қалалық Полиция департаментінің, сондай-ақ «AMANAT» партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының қолдауымен «Чемпиондар рухы» қалалық жобасы іске асырылып жатыр. Жоба аясында бүкіл қала бойынша 50

мыңнан астам оқушы бірыңғай спорттық кеңістікті қалыптастыра отырып, таңғы спорттық жаттығуларды орындады. Бұл – жоба осымен бесінші рет іске асырылып отыр, жыл сайын біз оның ауқымын кеңейтіп келеміз. Ол жастардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылығын оятып, командалық рухты нығайтатын және жалпы жағымды әсер беретін маңызды іс-шара, – деді Алматы қаласы Білім басқармасының қалалық дене шынықтыру және спорт оқу-практикалық орталығы директорының орынбасары Рашид Әубәкіров.

DRIFT PEN DRIVE

Шавкат Рахмонов жаңа спорт түрінен бақ сынады

«Сокол» автодромында жылдамдық пен адреналинді ұнататын адамдар үшін ерекше турнир өтті. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген кәсіби спортшылар спорттық көліктерімен дрейф жасап жарысты. Аталған жарыстың ерекше сәті – UFC жауынгері Шавкат Рахмонов алғаш рет дрейф пилоты ретінде өзін сынап көрді.



Жекпе-жек шеберінің трассаға шығуы көрермендер, автоспорт қауымдастығы және медиа тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Аралас жекпе-жек түрлеріндегі жетістіктерімен танымал спортшы жаңа сынақтарға дайын екенін және өз мүмкіндіктерін үйреншікті спорт шеңберінен тыс кеңейткісі келетінін көрсетті.

– Бүгін мен тек көрсетілімдік өнер көрсеттім, себебі бұл спорт түрімен әлі де танысып жатырмын. Алдағы уақытта өзімді пилот ретінде кәсіби деңгейде сынап көріп, Gorilla Drift турнирінің келесі кезеңдерінің біріне қатысуды жоспарлап отырмын. Бұл мен үшін мүлде жаңа тәжірибе: мұнда дәлдік, бақылау және автокөлікпен толық үйлесім маңызды. Маған әртүрлі бағытта дамып, өзімді сынап көру қызық, – деді Шавкат Рахмонов.

Іс-шара Gorilla Drift 2026 автоспорт маусымының ашылуы аясында өтті. Жарысқа кәсіби пилоттар қатысып, көрермендер TOP 32 кезеңінен финалға дейінгі тартысты жұптық жарыстарды тамашалады.

АЛМАТЫЛЫҚ ЖҮЛДЕГЕР



Мегаполис оқушысы Алдияр Жарас 14 жасқа дейінгі шахматшылар арасында блиц бойынша әлем чемпионы атанды.

Алматы қаласы Спорт басқармасының мәліметінше, Қазақстан құрамасы сапында ол турнир бойы үздік ойын көрсетіп, алғашқы турдан бастап көшбасшылықты қолға алды. Жарыс соңында алматылық шахматшы қарсыластарымен тең ұпай жинағанымен, қосым-

ша көрсеткіштер бойынша бірінші орын иеленді.

Турнир барысында Алдияр тағы бір қазақстандық шахматшы Сүлейман Ахметпен тең түсіп, сондай-ақ екі дүркін әлем чемпионы Марк Смирновпен кездесті. 18 жасқа дейінгі шахматшылар арасында рапид пен блицтен әлем чемпионаты биыл 15–20 сәуір аралығында Сербияның Врнячка-Баня қаласында өтті. Дүбірлі додаға 40 елден 437 қатысушы жиналды.

Жалпы 14 жасқа дейінгі санатта қазақстандық спортшылар бірден екі жүлделі орынға ие болды. Ал барлық жас санаттары бойынша Қазақстан құрамасы 21 медаль жеңіп алды, оның 9-ы алтын. Командалық есепте ұлттық құрама бірінші орын иеленді. Бұл – еліміздің аталған жарыстарға қатысу тарихындағы ең үздік нәтиже.

ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨНЕРІ

Ушу-саньдадан ел чемпионаты басталды

Жетісу ауданындағы «Айнабұлақ» спорттық-сауықтыру кешенінде ересектер арасында ушу-саньдадан Қазақстан Республикасының чемпионаты басталды.

Алматы қаласы Спорт басқармасы өкілдерінің мәліметінше, жарысқа еліміздің 17 өңірінен келген 297 спортшы қатысып жатыр. Спортшылар Қазақстан чемпионы атағы үшін ғана емес, сондай-ақ халықаралық аренада ел намысын қорғау мүмкіндігі үшін де бақ сынауда. Чемпионат бағдарламасына сәйкес, алдын ала жекпе-жектер 22-23 сәуір күндері өткізілді. Ал финалдық кездесулер бүгін, 24 сәуірде өтеді.

Аталған чемпионат спортшылардың шеберлігі мен дайындық деңгейін айқындайтын маңызды дода. Жекпе-жектер жоғары бәсекелестік жағдайында өтіп, қатысушылардың кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейін айқын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша

жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, ұлттық құраманың құрамы жасақталады.

Еске салайық, ушу-санданың тамыры ежелгі Қытайдағы биік тұғырдағы жекпе-жектер дәстүрінен бастау алады. Ол кезде айқаста тірі қалған адам жеңімпаз болған. Алайда, спорттың заманауи түрі ХХ ғасырдың 20-жылдарында қалыптаса бастады. Қытай үкіметі мен әскери мамандары дәстүрлі кунг-фу әдістерін жинақтап, оны заманауи армияның қоян-қолтық ұрыс жүйесіне бейімдеді. 1979 жылы Қытайдың мемлекеттік спорт комитеті санданы ресми спорт түрі ретінде бекітіп, алғашқы ережелер жинағын жасап шығарды. Бүгінде бұл спорт түрін Халықаралық ушу федерациясы (IWUF) үйлестіреді. Ушу-саньда басқа жекпе-жектерден өзінің әмбебаптығымен ерекшеленеді. Мұнда бокс, кикбоксинг және еркін күрес элементтері үйлесім тапқан. Бірақ спорт ережелері бойынша қарсыласын баспен соғуға, шынтақпен



және тіземен ұруға, сондай-ақ желкеден, тамақтан немесе шаптан соғуға болмайды.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



«БАЛАМ, ҚАШАН КЕЛЕСІҢ?..»



Жуырда Павлодар облыстық Жүсіпбек Аймауытов атындағы қазақ музыка-драма театры гастрольдік сапармен ару Алматыға келген болатын. Киелі Ертіс-Баян өңіріндегі театр өнерінің тәбәрігін ала келген труппа Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасында көрерменіне төрт спектаклін ұсынды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Тәрбиенің шегесі босаған ба?

Сол қойылымдардың ішінде «Балам, қашан келесің?..» драмасы аншлап өтті. Тіпті, көрермендердің сұрауымен бір күнде екі рет қойылды.

Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының алдына сол күні студент жастар қаптап кетті. Ішімізден «залды толтыру үшін келді-ау» деген ойдың жылт ете қалғанын жасыра алмаймыз. Бірақ ойымыз қате болыпты. Сол жастар «Балам, қашан келесің?..» спектаклін тыр етпей көрді. Тіпті, көз жасына ие бола алмай егіліп отырған көрермен аруларды көріп, жүрек толқыды. Демек, спектакльдің миссиясы орындалды деген сөз.



(Суреттер: автордікі).

Жасыратыны жоқ, бұрын Қарттар үйіне пана тұтқан аға буынның арасынан өзіміздің қазақтың ата-әжесі бірен-саран ғана кезігетін. Ал қазір құндылықтар өзгерді ме, әлде ұлттық тәрбиенің шегесі босады ма, мемлекеттің қарауына өткен қарияларымыз көбейіп барады.

Қарттар үйі – бұл бүгінгі заманауи болдық, өркениет көшіне ілестік, ғажаптыз деген қоғамның ең өзекті әрі ауыр мәселелерінің бірі. Шаңырақта атаң болса, жаныңды – жарға, арқанды – тауға сүйегендей боласың. Ал ақ жаулықты әже – ол мейірім, шуақ, жылы-

лық. Олар біздің бүгінгі алаңсыз күндеріміз үшін отқа да түскен, бірақ жанбаған, суға да түскен, бірақ батпаған.

Үміт үйі

...«Кірген із көп болғанымен, шыққан ізі жоқ» Қарттар үйінің демалыс бөлмесінде отырған алты қария. Бірі маңдайын тіреп қойып дойбы ойнап отыр. Екіншісі газеттің ішіне кіріп кеткен. Үшіншісі көзін шарт жұмып алып алақандай радиосынан әуен тыңдап отыр. Ертегі, жұбанышы сол. Ал таяғын сүйеніш еткен ақ жаулықты кейуана қалың үнсіздік құшағында. Енді бірі терезеден сыртқа телміре қарап отыр. Әлдекімді күтетіндей.

Иә, олардың әрқайсысының жүрегінде бір үміт бар. Сол үміт есік ашылған сайын жылт етіп жанатын әлсіз шырақтай. Сәт сайын айқара ашылған есіктен кірген әр адамға «балам емес пе екен?» деген үмітпен үңіледі. Жоқ, келмеді тағы ешкім іздеп. Бірақ сол үміт қана оларды тірі ұстап тұрғандай. Өйткені, үміт үзілсе, жүрек те үнсіз қалар еді ғой.

Пьесада алты кейіпкер бұл жерге қалай тап болғанын, қалай келгенін кезек-кезек баяндайды. Режиссердің шеберлігі сонда – көрерменін ұзақ әңгімелермен жалықтырып алмас үшін алты қария басынан өткенін бізге әңгімелеп жатқанда сахна арасында олардың балаларымен болған өткен шақтағы диалогын да үндестіре білген.

«Мен өзгердім...»

Пьесадағы ең басты сұрақ: есік ашылғанда табалдырықтан кім атпайды, сағынған баласы ма, әлде ажал ма? Өкінішке қарай, алты қарияның біреуінің ғана, яғни Омархан ақсақалдың (ойнаған актер Жұмахан Доспаев) баласы (актер Нұржан Сарқамбаев) келеді.

– Әке, кеш болса да, қатемді түсініп, бармағымды шайнадым. Білем, бес жылдан бергі ыза-кегің әлі тарқаған жоқ. Бірақ мен қазір басқамын. Өзгердім. Мені кешір! Үйге жүр! – дейді Омарханның ұлы.

Бірақ Омархан ақсақал шарт кетті.

– «Уақыт емші» дейді ғой маған тағы. Ал сол уақыт сендердің қай жараларыңды ем-

депті? Сен, Дәмегүл (актриса Рауза Тәжібаева), өз балаңның не істегенін ұмыта қалдың ба? Сен ше, Сейфолла (актер Бек Тоқатов), бүкіл дүние-мүлкінді өз атына аударып, өзіңді далаға лақтырып кеткен ұлыңды қалай кешіресің? Бақтыбай-ау (Бейбіт Шәнім), айтшы, өз перзентіңнің соққыға жыққан сұмдығын уақыт-емшің жазып берді ме? Жо-оқ. Көрген жәбір-жапа, қорлықтарың бәрінің де көкіректеріңде шемен болып қатып жатыр. Өйткені, уақыттың да шипасы дарымайтын дауасыз дерт жетеді дүниеде! – деп шырқы таяғын көкке сермей ашуға булыққан Омекең.

Бірақ ақыр соңында Сейфолла шалдың сөзіне тоқтады. Тоқтамағанда! Өзінің де көңіл түкпірінде жылдар бойы құндақтап келген арманы сол еді ғой.

– Өзің білесің, Омеке, бүгінге дейін мына үйден туған ошағына оралған ешкім жоқ еді, сен бірінші болғалы тұрсың, – деді Сейфолла шал Омархан қарияның иығына қолын салып. – Ұлыңды іштей әлдеқашан кешіргеніңді мен білмейді деймісің. Түнде түсіңде көріп, сан рет «жарығым, ботам...» деп сандырақтап шығатыныңды басқа естімесе де, бір бөлмеде жататын мен естімін ғой. Ашуыңды бас, еңсенді көтер, алдында тізерлеп тұрып кешірім сұраған ұлыңның тілегін орында. Егер сен кетсең, мына көрі-құртан ендігі қалған аз ғана ғұмырын «бәлкім, күн дердің күні баламыз келіп, бізді де осылай алып кетер?» деген үмітпен өткізер еді. Бізді сол өлеусіреген үміт шоғынан айыра көрме, Омеке! Бар енді, балаларыңды зарықтырма! Қош!

Жүректегі мүң

Иә, Омархан ақсақалды баласы аяғына жығылып тұрып, үйіне алып кетті. Ал қалған бесуеі ше? Олар ма? Оларды ажал алып кетті... Дәл осы сәтті, жалпы спектакльді режиссер Жұлдызбек Жұманбай өте сәтті түйіндеген екен.

Бос қалған бес орындық енді жиһаз емес, адамның жансыз денелеріне айналды. Қарттар үйінің директоры Нариман (актер Руслан Нығман) мен заңгер Әлжан (актер Бауыржан Манатбекұлы) барлық орындықты ақ матамен жауып, арқалығын және аяғын ақ шүберекпен екі жерден буып шықты. Бес орындық – бес тағдыр. Режиссер сахнаға ешкімді алып шыққан жоқ, о дүниелік болған кейіпкерлерін осылай кебінге орады. Ол бұл жолы тек орындықты «сөйлетті».

Ал көрермен әр орындықтың астарында бір тағдыр, бір өмір жатқанын сезінді.

Қарттар үйі – қазыналы жүзін қою әжім торлаған қарттарымыздың жанары жәудіреп, өз шаңырағынан жырақта қалған мекені. Бұл үй – қазақ дәстүріне мүлдем жат, бірақ өкінішке орай, қазіргі қоғамда аға буын мен кейінгі ұрпақтың қақтығысы мен мейірімсіздіктің көрінісі іспетті. «Балам, қашан келесің?..» қойылымының айтары да осы.

САХНА СЫРТЫНДА

Сәкен СЫБАНБАЙ,
қаламгер, «Балам, қашан келесің?..»
пьесасының авторы

«ӘРҚАЙСЫСЫН ЖАЗЫП ОТЫРЫП, БІР-БІР ЖЫЛАП АЛДЫМ»



Бұл пьесаны жазуыма түрткі болған – қазіргі мықты режиссерлердің бірі, «2025 жылдың ең үздік театр режиссері» атанған Жұлдызбек Жұманбай. Өз пьесамды өзім танымал қалдым десем де болады, сахналық шешімдері керемет!

«Балам, қашан келесің?..» туындысының түпнұсқасы – осыдан сегіз-тоғыз жыл бұрын жазылған «Үміт үйі» деген әңгімем. Қарттар үйі туралы. Бірақ пьеса әңгіменің желісі бойынша жазылғанымен, мүлде басқа шығарма болып кетті. Әңгімеде жоқ кейіпкерлер қостым, жаңа диалогтар, тыңнан алты бірдей монолог жазып шықтым. Алты кемпір-шал. Алты түрлі тағдыр. Әрқайсысын жазып отырып, бір-бір жылап алдым. Өйткені, пьесада, спектакльде жазушылық тәсіл рөл ойнамайды екен. Сен әрі көрермен, әрі режиссер, әрі актер боп отырып жазуың керек екен. Кейіпкер қай жақтан шығады, қалай сөйлейді, қай сөзге акцент береді, ол ана сөзді орнынан атып тұрып айта ма, әлде жай мойнын бұрып, елеусіздеу жеткізе салуы керек пе деген сияқты тұстары болады.

Пьесаны жазу барысында әңгімемен шектеліп қалмау керек екенін ұқтым. Авторлық баяндау тәсілімен бере салатын әдіс сахнаға өтпейді. Міндетті түрде екі немесе одан да көп кейіпкердің диалогы, айтысуы, шарпысуы... әйтеуір сөз қақтығысы мен мінез қақтығысы, интрига қажет.

Пьесаны жазу барысында өзімді театрдың қақ ортасында, жалғыз өзім спектакль көріп отырғандай елестетіп жаздым. Қалай керемін эпизодты – солай бердім. Шығармадағы алты тағдырдың әрқайсысын жүрегіңнен өткізіп, сезініп жазбасаң, әсерсіз болады. Мен тіпті дауыстап, актерларша ойнап, дауыс құбылтып, айғайлап сөйлеп отырып жаздым. Сырттан қараған адамға жынды боп көрінуің түк емес. Әжем тірі болса, «піссімді» деді дейтіндей. Сөздер, оқиғалар, айтыс-тартыс, бәрі барынша шынайы шықса дегеннен туған әрекеттер ғой. Сахнада алты актер отырып, оның екеуі ғана сөйлесіп, төртеуі тымырайып отыруы керек пе? Жоқ, әрине. Бәрі шарпысып жатуы шарт. Жаңа диалог, жаңа қақтығыстар сол қажеттіліктен өрбіді.

УЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

«ПАРАСАТ ШАҢЫРАҒЫ»

№138 гимназияда киіз үй үлгісіндегі этно-кабинет ашылды

Бостандық ауданындағы М.Базарбаев атындағы №138 гимназия базасында «Парасат шаңырағы» атты этно-кабинеті ашылды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпақтың рухани тәрбиесіне серпін беретін ерекше жоба қала мектептері арасында алғаш рет ашылып отыр. Заманауи білім беру талаптарына сай жабдықталған бұл киіз үй толыққанды оқу кабинеті саналады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Іс-шараның ашылу салтанатына Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова, «Ұстаз» қалалық кәсіподағының төрағасы Серікжан Байғұттинов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлшара Есетова және басқа да қонақтар қатысты.

«Парасат шаңырағы» этно-кабинеті кәдімгі киіз үй. Осынау қазақтың қара шаңырағында қала балалары сабақ оқып, пікір алмасады, дәріс тыңдайды. Жоба авторларының айтуынша, мұндай ерекше оқу кабинеті балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, ұлттық сана-сезімін нығайтуға ықпал ететін болады.



Дәстүр мен жаңашылдықты үндестірген мұндай бастамалар өскелең ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Этно-стильдегі киіз үй оқу орны ғана емес, ұлттық рухты сезіндіретін тағылым ордасына айналары сөзсіз. Сондықтан Алматыдағы бұл игі іс алдағы уақытта өзге білім беру ұйымдарына да үлгі болып, ұлттық бағыттағы жаңа жобалардың көбеюіне жол ашады деп күтілуде.

Гимназия басшысы Медет Иманбекұлының айтуынша, оқушы ұлттық мәде-



ниетті тек оқулықтан емес, ең алдымен өзін қоршаған ортадан сезінуі керек.

– Жаңа кабинеттің негізгі міндеттері – оқушыларға ұлттық құндылықтарды сіңіру, қазақ халқының дәстүрлері мен мәдени мұрасымен таныстыру, ұлттық сана-сезімді дамыту, сондай-ақ этнопедагогика негізінде тәрбие мен білімді үйлестіре беру», – деді №138 гимназия директоры Медет Қасымбаев.

Шыны керек, көп жағдайда ұлттық құндылықтар туралы ақпарат берілгенімен,



тәжірибе жетіспей жатады. Сәтін салса, бұл кабинет осындай олқылықтардың орнын толықтырып, ұлттық құндылықты сіңіру жолында қызмет ететін болады.

Киіз үйдің іші заманауи талаптарға сай жабдықталып, оқушылардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Ұлттық сәндік элементтермен қатар (тұрмыстық бұйымдар, қолөнер үлгілері, дәстүрлі музыкалық аспаптар) заманауи оқу құралдары да орналастырылған. Мұнда ашық сабақтар, тәрбие сағаттары және танымдық іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Салтанатты іс-шара барысында қонақтарға кабинет таныстырылып, оқушылар ұлттық мәдениетті насихаттауға бағытталған бағдарламаны тамашалады. Бұл бастама ұлттық мұраны жаңғырту мен білім беру үдерісін ұштастыруға бағытталған тың жоба ретінде көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

КІТАП – ҚАЗЫНА

ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР ТОҒЫСҚАН КЕШ

23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай Алматыда мазмұнды кеш өтті. «Ұлттық кітап – ғасырлар төріндегі асыл мұра» атты әдеби-сазды кеш қаладағы Оқушылардың шығармашылық орталығы «Шабытта» ұйымдастырылып, оған ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, жастар мен оқырмандар қатысты.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Аталған кештің басты мақсаты – қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, әсіресе, жас ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру. Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамда кітап оқуды ұлттық деңгейде дәріптеу жөніндегі тапсырмасымен тығыз байланысты.

Іс-шара барысында қонақтар поэзиялық кешке, кітап көрмесіне және концерттік бағдарламаға куә болды. Жас өнерпаздар өнер көрсетіп, әдебиет пен өнердің үйлесімін паш етті. Ал жастар мен балаларға арналған түрлі интерактивті ойындар мен байқаулар кештің мазмұнын байыта түсті. Сонымен қатар, іс-шараға келген әрбір жасөспірімге тегін кітаптар таратылды.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы Қоғамдық даму орталығының өкілі Гүлсім Сапакова бұл бастаманың маңызын атап өтті:

– Бұл іс-шара Мемлекет басшысының жастарды кітап оқуға баулу жөніндегі тапсырмасына сәйкес ұйымдастырылып отыр. 23 сәуірдің Ұлттық кітап күні болып белгіле-



нуі – кітап оқу мәдениетін қалыптастырудағы маңызды қадам. Біздің мақсатымыз – жастарды рухани байыту, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, – деді ол.

Сонымен қатар, іс-шараға қатысқан қоғам белсендісі, актер әрі «Кітапхан» жобасының негізін салатушы Хамит Ердехан жастарға ой салатын пікір білдірді. Ол кітап оқуды әдетке айналдырудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, ең бастысы – білімді, көзі ашық, елін сүйетін азамат қалыптастыру. Кітап – осы жолдағы ең тиімді құрал. Сондай-ақ, ол ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздіктің қадірін түсіну үшін үздіксіз білім алып, кітап оқудың қажеттігін жеткізді.

Бұл іс-шара кітаптың қоғамдағы орнын айқындап, жастарды оқуға үндейтін маңызды бастама болды. Рухани құндылықтарды дәріптеген кеш оқырман мәдениетін қалыптастыруға серпін берді.

Alatau Creative Hub Орталығында «Кітапханашы – мәртебелі мамандық» атты халықаралық деңгейдегі салтанатты іс-шара өтіп, оған мәдениет және өнер қайраткерлері, кітапхана ісінің ардагерлері, сондай-ақ еліміздің әр өңірінен келген кітапхана басшылары мен кітапханашылары қатысты.



ОҚЫРМАН ҚАЛА

Алматы Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күнін атап өтті



Нұрлан
СҮЙІН

Алматы қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев қатысушыларды құттықтап, қаладағы кітапханалардың жағдайымен таныстырды. Ол сөзінде 23 сәуір бұрын Ұлттық кітап күні болса, биылдан бастап Кітапханашылар күні жеке кәсіби мереке болғанын ерекше атап өтті. Жалпы, мегаполисте тәулік бойы жұмыс істейтін 7 кітапхананы қоса алғанда, Орталық кітапханалар жүйесіне қарайтын 39 филиал бар екенін жеткізді. Қазір қала кітапханаларында төрт жүзден астам қызметкер жұмыс істейді. Бұл Алматының кітап оқитын қала екенін көрсетсе керек.

Басқосуда белгілі журналист-қаламгер Сәбит Баймолдиннің қызы, кітапхана саласының ардагері Рәлия Баймолдинамен де сөйлесудің сәті түсті. Қырық жылдан бері А.П.Чехов атындағы кітапханада жұмыс істеп келе жатыр.

– Бүгінгі кітапханалар бұрынғыдан өзгеше. Қазіргі кітапханалар толықтай мәдениет ошағына айналған. Түрлі кездесулер, кітаптардың тұсаукесерлері, мәдени іс-шаралар өтіп тұрады. Кітап оқу залдары оқшауланған. Бір сөзбен айтқанда, Алматының Орталық кітапханалар желісіне қарайтын әр кітапхана бір-бір рухани орталық, – дейді ол.

Іс-шара кезінде Алматы Кітапханаларының шетелдік серіктестері онлайн форматта құттықтау жолдап, кітапхана ісінің жаңа кезеңі мен халықаралық тәжірибесі жайында ой бөлісті. Кітапхана саласында ұзақ жылдар бойы табысты еңбек еткен ардагер мамандарға құрмет көрсетіліп, арнайы марапаттар табысталды.

Бағдарлама шеңберінде қоғам қайраткері, жазушы Бигелді Ғабдуллинмен шығармашылық кездесу ұйымдастырылып, автордың «Режим и сопротивление» атты жаңа кітабының таныстырылымы өтті. Жиын барысында қалалық кітапханалардың заманауи бағыттағы жұмыстары кеңінен таныстырылды.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Қыли көзге де ота жасалады



Дәрігерлердің айтуынша, ота – емдеу үдерісінің бір кезеңі ғана. Одан кейін науқастар аппараттық емдеу мен көруді түзету арқылы оңалту курсынан өтеді.

«Бұл ретте біз жинақталатын қылилық туралы айтып отырмыз: алдымен анатомиялық негіз қалыптастырылады, содан кейін көзділік және арнайы аппараттар арқылы ем жалғасады», – деді офтальмохирург.

Орталықта қылилықтан бөлек, катаракта, глаукома және көздің қосымша аппаратына қатысты түрлі патологиялар бойынша да операциялар жасалады.

Ем Қазақстанның барлық өңірінен келген балаларға қолжетімді. Емдеу барысында заманауи технология, соның ішінде глаукоманы емдеуде арнайы дренаждық жүйелер қолданылады.

Бүгінде жаңа корпустың ашылуы орталықтың мүмкіндігін едәуір арттырды: бөлімше 40 орынға арналған және заманауи операциялық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, шала туған нәрестелердегі торқабық ауруларын емдеуге бағытталған витреоретиналдык хирургия да қарқынды дамып келеді.

«Біздің міндет – балалар офтальмологиясында емдеу мен хирургияның барлық заманауи әдісін толық меңгеру. Оталар МӘМС аясында тегін жүргізіледі. Алматы қалалық Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының офтальмология бөліміне еліміздің түкпір-түкпірінен келген балалар мұнда жоспарлы түрде ем қабылдай алады», – деді бөлімше меңгерушісі Нұртас Кеңесов.

ӨЗЕКТІ

Шетел асып, ем іздеген науқас өзімізге оралып, аман қалды

Былтырғы қазанда елу жеті жастағы тұрғынның ұйқы безінен ісік анықталып, туған-туысының кеңесімен Үндістанда емделуге сапар шегеді. Сол елде қосымша зерттеу, тексерулерден өтіп, химиотерапия курсы алған.

Желтоқсан соңында операция үстеліне жатқызылып, ұйқы безінің денесі мен көкбауырды алып тастай отырып, корпоркаудальды резекция жасатқан. Пациент оныншы күні Қазақстанға оралады. Қайтып келгеннен кейін жағдайы күрт нашарлап, бас айналу, қатты әлсіздік, операциядан кейінгі жара аймағында ауырсыну сынды белгілер пайда болған. Елге оралған соң жүгінген жекеменшік клиникалардағы ем-домы да нәтиже бермеген.

Енді сол науқас жақында ауыр жағдайда Алматы онкологиялық орталығына түскен. Белгілі болғанындай, операциядан кейінгі асқыну, яғни панкреонекроз және жайылған қан кетумен бірге панкреатикалық фистула қалыптасқаны анықталған. Оған шұғыл түрде операция жасалып, тоқ ішектің бір бөлігі резекцияланып, қан кету тоқтатылды. Алматы онкологиялық орталығының онкохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Нұрлан Балтаев, өкінішке қарай,

мұндай жағдайдың көп кездесетінін айтып отыр. Кейінгі бір айдың өзінде орталыққа шетелде алған емінен кейін жағдайы күрт нашарлаған бірнеше пациент түскен.

«Онкологиялық аурулар кешенді және жүйелі ем-домды талап етеді. Алматы онкологиялық орталығында диагностика мен емдеудің заманауи әдістерін жүргізуге барлық жағдай жасалған, шетелдік клиникалардан кем түспейміз. Сонымен қатар, медициналық көмек пациенттерге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетіледі», – деп атап өтті Нұрлан Балтаев.

Иә, онкология жүрдім-бардым қарайтын дерт емес. Сондықтан бізге «жанымызды шетелдік мамандар алып қалады» деген көзқарастан арылатын кез жетті. Дәрігерлер өзіміздің мемлекетте де заманауи инновациялардың игілігін көруге болатынын айтып, емдеу орнын таңдауға асқан жауапкершілікпен қарауға шақырып отыр.

ПАТРОНАЖ

Бала және қария үй жағдайында тұрақты бақылауда

Алматыда Еуропа және Орталық Азия бойынша ЮНИСЕФ өңірлік кеңсесінің бастамасымен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, патронаждық қызмет жүйесін нығайтуға арналған кеңес өтті.

Іс-шараның мақсаты – балалар мен отбасыға көрсетілетін медициналық-санитариялық алғашқы көмектің маңызды құрамдас бөлігі ретінде үйде патронаждық қызмет көрсету бағдарламасының көкжиегін кеңейту. Кеңеске патронаж қызметін жоспарлау және жүзеге асыруға жауапты 35 маман қатысты. Олардың қатарында Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері мен Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түрікменстандағы ЮНИСЕФ қызметкерлері бар.

Бағдарлама аясында елдегі патронаждық қызмет жүйелері талқыланып, модельдің жетілу деңгейін бағалау (ММА) негізінде өңірлік шолу жасалды. Екінші күні қатысушылар медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымдар базасында тәсілдердің тәжірибеде қалай жүзеге асырылатынымен танысты.

Кеңес аясында ЮНИСЕФ делегациясы Алматыдағы №36 қалалық емханаға барды. Аталған медициналық ұйым қаланың

қарқынды дамып келе жатқан Наурызбай ауданындағы тұрғындарға қызмет көрсетеді.

Жиында Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің өкілі Мағрипа Ембергенова мен Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Жадыра Ахметова сөз сөйледі.

№36 емхана директоры Гүлжайнат Тілеген ұйымның жұмысын таныстырып, әмбебап-прогрессивті патронаж үлгісінің енгізілу барысы туралы баяндады. Қатысушылар патронаждық медбикелердің қызметімен, заманауи цифрлық шешімдермен және медициналық деректі жүргізу жүйесімен танысты. Сондай-ақ, үйге барып қызмет көрсету кезінде қолданылатын медициналық сөмке, диагностикалық құрал-жабдық пен аспаптар көрсетілді.

Патронаж үлгісі жүкті әйелдерді, жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы балаларды қауіп деңгейіне қарай тұрақты бақылауды көздейді. Бұл өз кезегінде ауытқуды дер кезінде анықтауға, алдын алу іс-шараларын жүргізуге және медициналық көмектің қолжетімдігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің еліміздегі барлық емханада енгізілгені және ана мен бала денсаулығын қорғау саласында МСАК стандартына айналғаны атап өтілді.

РЕАБИЛИТАЦИЯ

Қалалық Балаларды оңалту орталығында ерекше де әсерлі оқиға болды. Орталықтың кішкентай пациенттері – Тамирис пен Руфинаның тұсауы кесілді.

Осыдан екі жыл бұрын бес жасар Тамирис төртінші қабаттан құлап, ауыр бас-ми жарақатын алған болатын. Оның жағдайы өте ауыр болды, екі рет жүрегі тоқтап қалып, клиникалық өлім жағдайында жатты. Оның өмірі үшін №2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасының нейрохирург дәрігерлері күресіп, бірнеше күрделі операция жасады.

Аман қалған Тамиристі одан кейін ұзақ мерзімді оңалту кезеңі күтіп тұр еді. Анадан қайта туғандай болған қыз өмір сүру дағдыларын қайтадан үйрене бастады. Кіп-кішкентай қыз осынау Алматы қалалық Балаларды оңалту орталығында өткен екі жылында үлкен қажырлылық көрсетті. Дәрігер-мамандардың табанды, жүйелі еңбегінің арқасында алдымен қолы қимылдай бастады. Кейін аяғына жан кірді. Уақыт өте келе өздігінен отыра алатын болды. Екі жыл ішінде ол жеті кезеңнен тұратын оңалту курсынан өтті.

Міне, бүгін аяғын тәй-тәй басып, алғашқы қадамын жасады. Ата-анасының да, нәтижені көрген дәрігерлердің де қуанышында шек жоқ. Әсіресе, Тамиристің әжесі көз жасына ерік беріп, немересінің өмірін сақтап қалған ақ халатты абзал

Тұсаукесер

Биіктен құлаған бала аяғына тұрды



жандарға батасын жаудырып жатты.

Ал тұсауы кесілген екінші бала – Руфина қыз 2022 жылы сал ауруымен туған. Ол орталыққа ауыр жағдайда түскен: өздігінен тұра да, жүре де алмайтын, тек арбада отырған. Оған былтырғы қарашада қалалық Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында «ахилл сіңірлерін Z-тәрізді ұзарту» аса күрделі операциясы жасалды. Одан кейін қалалық Балаларды оңалту орталығынан жүйелі түрде бірнеше курстан өтіп, міне, бүгін ол да аяғына тұрып, алғашқы қадамын өз бетінше жасай бастады.

Руфина мен Тамиристің тұсауын Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат

Пашимов кесіп, ілтипатын көрсетіп, оларға денсаулық, жарқын болашақ тіледі.

Тұсаукесер рәсімі екі қыз үшін де жаңа өмірдің символына айналды. Бұл – қайсар да табанды кішкентай қыздардың және дәрігерлер мен отбасының ортақ жеңісі. Тақырыпқа орай айтса кетсек, қалалық Балаларды оңалту орталығы жұмыс істеген жылдары 53 бала өздігінен жүріп кетті. 2011 жылдан бері мұнда 17 320-дан астам бала көмек алды, оның ішінде 7 715-тен астамы мүгедектігі бар жеткіншек. Орталықта ДЦП, жарақат салдары және туа біткен патологиясы бар балаларға кешенді көмек көрсетіледі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 сәуірдегі №2/195-530 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 10 ақпандағы №1/1-167:

қосымшадағы:
келесі редакциядағы реттік нөмірлері 11, 12, 13 жолдарымен толықтырылсын:

11.	Тулбасиева Гульмира Қадирбековна	20-313-000-000	Жароков көшесі, 194 А, 10 көлікжай	-
12.	Ватулин Евгений Викторович	20-313-000-000	Жароков көшесі, 194 А, 9 көлікжай	-
13.	Доненко Ольга Тарасовна	20-313-000-000	Жароков көшесі, 194 А, 19 көлікжай	-

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 16 сәуірдегі №2/262-559:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 66 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

6.	Усманова Алифия Анверовна	20-315-003-176	Есенберлин көшесі, 169	жалпы -0,0652 үлесі- 0,0250
----	---------------------------	----------------	------------------------	-----------------------------

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 15 тамыздағы №3/470-1138:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 66 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

66.	Мелдебекова Шолпан Сабырбековна, Сарыбаев Нурболат Курманбекович	20-315-040-029	Татарская көшесі, 7	0,0684
-----	--	----------------	---------------------	--------

реттік нөмірі 83 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

83.	Думчебаева Азела Омирбаевна, Думчебаева Анара Омирбаевна, Омирбаева Даяна Омирбаевна	20-315-040-134	Малая көшесі, 11	0,0457
-----	--	----------------	------------------	--------

реттік нөмірі 91 жолы алынып тасталсын;
реттік нөмірі 128 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

128.	Щередица Сауле Саитовна, Щередица Юлия Игоревна, Щередица Татьяна Игоревна, Щередица Лидия Прохоровна	20-315-040-071	Кутузов көшесі, 40	жалпы -0,0721 үлесі-0,01545 үлесі-0,02575
------	---	----------------	--------------------	---

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қазандағы №4/675-1295:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 11 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

11.	Усманова Анна Александровна	20-315-038-192	Желмая көшесі, 5	жалпы-0,0407 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0032
-----	-----------------------------	----------------	------------------	---

реттік нөмірі 31 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

31.	Розуев Рустам Турганович, Розуева Зарина Тургановна	20-315-039-006	Чаплин көшесі, 39	жалпы-0,0514 үлесі-0,0230
-----	---	----------------	-------------------	---------------------------

реттік нөмірі 84 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

84.	Яншанло Амина Даутовна	20-315-043-368	Желмая көшесі, 49/45	0,0444
-----	------------------------	----------------	----------------------	--------

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қазандағы №4/675-1297:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 2 жолы алынып тасталсын;
6) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 21 қаңтардағы №1/1-85:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 18 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

18.	Шиндяйкина Галина Анатольевна	20-315-039-402	Титов көшесі, 79	0,0637
-----	-------------------------------	----------------	------------------	--------

реттік нөмірі 44 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

44.	Ивашенко Оксана Афанасьевна, Франко Юлия Владимировна	20-315-040-154	Крымская көшесі, 6/6, 2 пәтер	жалпы-0,0533 үлесі-0,0374
-----	---	----------------	-------------------------------	---------------------------

реттік нөмірі 53 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

53.	Имамалиев Бахлул Орудж-Огли	20-315-043-045	Халиуллин көшесі, 87	0,0755
-----	-----------------------------	----------------	----------------------	--------

7) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қазандағы № 4/675-1290:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 19 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

19.	Дуткевич Валентина Александровна, Трегубова Полина Олеговна	20-314-069-1102	«Кемел» шағын-ауданы, Жар-Жар көшесі, 50	0,1059
-----	---	-----------------	--	--------

8) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қазандағы №4/675-1637:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

2.	Абилкожаев Ержан Абдикалыкович, Котельников Александр Сергеевич	20-315-046-098	Жүргенев көшесі, 42	жалпы-0,0534 үлесі-0,0050 үлесі-0,0263
----	---	----------------	---------------------	--

2. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 сәуірдегі №2/195-531 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 тамыздағы №3/373-1655 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысын жою туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 5 қаңтардағы №26.3-26.08/6-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 тамыздағы №3/373-1655 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысы жойылсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Д.САТЫБАЛДЫ**

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 сәуірдегі №2/195-533 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 12 наурыздағы №41.1-41.05/269-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2029 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы инженерлік желілерді (сумен жабдықтау) шығару үшін Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Нұрлытау» шағынауданында орналасқан, ауданы 1,0847 га жер учаскесіне меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және осы қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскесінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Д.САТЫБАЛДЫ**


Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 сәуірдегі №2/195-533 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы ауданы, га	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы, га
1	20-313-055-1535	Бостандық ауданы, «Нұрлытау» шағынауданы, 1480/1 учаске	0,7463	0,0293
2	20-313-057-1035	Бостандық ауданы, «Нұрлытау» шағынауданы, 1381 учаске	5,9854	1,0554

ПЛАН ГРАНИЦ ПУБЛИЧНОГО СЕРВИТУТА

Для развития сети водоснабжения и водоотведения
в мкр. Нурлытау, Бостандыкском районе



Масштаб 1:3000

Условные обозначения:

— проектные границы публичного сервитута

1. 203130551535 площадь - 0,0293 га

2. 203130571035 площадь - 1,0554 га

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 23 сәуірдегі №2/195-546 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 23 қаңтардағы №41.1-41.0/70-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 110 кв «Шығыс қақпасы» қосалқы станциясын салу үшін, «АСК Престиж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 716 мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-317-107-1300, жалпы ауданы 1,6523 га жер учаскесінің ауданы 0,9805 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаске бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіптен меншік иесін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесі бөлігінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

